

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ата-аналар
қоғамдастығы және азаматтық қауымдастығымен
ынтымақтасу әдістемесі**

Әдістемелік ұсынымдар

**Методика сотрудничества с родительской общественностью и
гражданским сообществом в системе дополнительного
образования детей**

Методические рекомендации

Астана, 2015 ж.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ата-аналар қоғамдастығы және азаматтық қауымдастығымен ынтымақтасу әдістемесі» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015, - 154 бет.

Методические рекомендации «Методика сотрудничества с родительской общественностью и гражданским сообществом в системе дополнительного образования детей» (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2015, - 154 стр.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ата-аналар қоғамдастығы және азаматтық қауымдастығымен ынтымақтасу әдістемесі» қосымша білім беру жүйесінде азаматтылықтың, патриоттылықтың, төзімділіктің, заңға бағынысты тәртіптің жоғары деңгейін тәрбиелеуде бала әлеуметтенуіне ықпал ететін қоғамдастық-мемлекеттік ынтымақтастықтың әдістеме негіздерін ұсынады.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру саласында басқару органдары, білім беру ұйымдары, азаматтық қоғам, ата-аналар қауымдастықтары ынтымақтастықтарының тиімді механизмдерін анықтайды.

Қоғамдағы әлеуметтік серіктестік жалпы мақсаттарды айқындауға, анықтауға және келісуге өзара әрекеттестік қатысушылардың дайындығына негізделеді. Аталған көрсеткіш әлеуметтік қызметтердің ықпал етуін жүзеге асыратын, тануға жағдай жасауды жүзеге асыратын қосымша білім беру ұйымдары мен мәдениет мекемелерінің мақсаттары анықталған. Әдістемелік ұсынымдар мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының жетекшілеріне, әдіскерлеріне, педагогтеріне және ата-аналарға арналған.

Методические рекомендации выдвигают основы методики общественно-государственного сотрудничества в системе дополнительного образования, способствующей социализации детей, воспитанию высокого уровня гражданственности, патриотичности, толерантности, законопослушного поведения.

Методические рекомендации определяют эффективные механизмы сотрудничества организаций образования, органов управления образованием, гражданского общества, родительских сообществ в области дополнительного образования детей. Социальное партнерство в обществе основывается на готовности участников взаимодействия к выявлению, определению и согласованию общих целей. Данный показатель ближе всего цели организаций дополнительного образования и учреждений культуры, реализующих социальные функции содействия самореализации, создания условий для познания.

Методические рекомендации адресованы руководителям, методистам, педагогам организаций образования и родителям.

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования
(Протокол №2 от 21 мая 2015 года)*

*© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2015*

Мазмұны

1. Кіріспе	4
2. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың мақсаттары мен міндеттері	7
3. Қосымша білім берудің тіршілік әрекетін ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе түрінде ұйымдастырудың ерекшеліктері	7
4. Оқушылардың отбасыларымен қосымша білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық өзара іс-әрекет жүйесі	18
5. Білім беру үдерісіне қатысушылардың жасөспірімдерді әлеуметтендіру тәсілі ретіндегі серіктестігі	24
6. Қосымша білім беруді ұйымдастыру мамандары мен оқушылар отбасыларының өзара іс-әрекет жүйесін іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары	40
7. Қосымша білім беруді ұйымдастыру мен отбасылардың өзара іс-әрекеті үдерісінің мазмұндық-әдістемелік аспектілері	45
8. Қорытынды	50
Қосымша	53
Әдебиеттер тізімі	81

Содержание

1. Введение	82
2. Цели и задачи организации работы с родителями	84
3. Особенности организации жизнедеятельности организации дополнительного образования как открытой социально-педагогической системы	84
4. Педагогическая система взаимодействия организации дополнительного образования с семьями обучающихся	95
5. Сотрудничество участников образовательного процесса как способ социализации подростков	100
6. Организационно-педагогические условия реализации системы взаимодействия специалистов организации дополнительного образования с семьями обучающихся	116
7. Содержательно-методические аспекты процесса взаимодействия организации дополнительного образования и семьи	121
8. Заключение	126
Приложения	129
Список литературы	157

Кіріспе

*Баланы барлығы тәрбиелейді:
адамдар, заттар, құбылыстар,
алайда бәрінен бұрын және
бәрінен ұзақ – адамдар.
Оның ішінде бірінші орында –
ата-аналар мен педагогтер.*

Макаренко А.С.

Қосымша білім беруді ұйымдастыру – бұл отбасынан тыс әлеуметтік институт, ата-аналар байланысқа шығатын және олардың жүйелі педагогикалық ағартушылығы басталатын оқу-тәрбие ұйымы. Баланың ары қарай дамуы ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысына тәуелді болады. Тәрбие құралдары мен әдістерінің нағыз насихатшысы болу үшін, ол өзінің жұмысында сондай тәрбиенің үлгісін көрсетуі тиіс. Сол кезде ғана ата-аналар педагогтің ұсыныстарына сеніммен қарап, олармен қарым-қатынас орнатуға құлшына кіріседі.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу үдерісінде отбасы мен мектептен тыс ұйымдар ықпалдастығы маңызды рөлге ие. Қосымша білім беру ұйымдарының балаларға адамгершілік, еңбексүйгіштік, ақылдылық, дене, көркем тәрбие беру мен оларды дамытудың тиімділігін арттыру мақсатында ата-аналармен ықпалдастық орнатуды ұйымдастыру тәжірибесі мол. Педагогтер бұл жұмыстың мазмұны мен үлгісін ұдайы жетілдіріп отырады, сол арқылы тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, балаға білім беру ұйымдары мен отбасында тәрбиелік әсер етудің тығыз байланысына қол жеткізеді.

Білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеудің қандай ерекше түрлері ойластырылса да, білім беру ұйымдарындағы мамандардың біліктілігі қанша жерден жоғары болса да, тәрбие беру үдерісінде ата-аналардың ұдайы қолдауы мен белсенді қатысуынсыз алға қойған мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес. Өйткені отбасы алғашқы әлеуметтендіру институты ретінде баланың негізгі тұлғалық қасиеттерінің дамуына әсер етеді, адамгершілік әлеуетінің қалыптасуына көмектеседі. Отбасында балалар алғаш рет адамгершілікке үйренеді, жағымды мінезі қалыптасады, өмірлік ұстанымының іргетасы қаланады.

Әлем елдерінің нарықтық қатынастарға ауысуына байланысты әлеуметтік теңсіздіктер шиеленісіп, дүниежүзілік экономикалық дағдарыс мәселелері етек алған бүгінгі таңда отбасы мен отбасылық қарым-қатынастар мәселесінің өзектілігі арта түсуде. Сондықтан бұл

мәселелер жете көңіл бөлуді талап етеді, себебі елдің болашағы осы аталған мәселелердің шешілуіне байланысты.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі қосымша білім беру педагогтері үшін өзінің кәсіби қызметінде баланың тұлғалық қалыптасуын анықтайтын барлық себептердің әсерін ескеріп қана қоймай, мүмкіндігінше олардың мазмұнды әріптестігі үшін жағдай туғызу қажеттігін анықтайтын білім беру саласының құрамдас бөлігі болып табылады.

Аталмыш ұсыныстардың өзектілігі сол, онда балаларға қосымша білім беру мекемелері мен оқушылардың ата-аналары арасындағы өзара іс-әрекеттердің негізгі түрлері мен әдістері көрсетілуінде. Өйткені отбасының көмегінсіз бір де бір білім беру ұйымы тәрбие жұмысында жоғары нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Бұл жерде отбасы қосымша білім беру ұйымына қатысты тек тұтынушы мен әлеуметтік тапсырыс беруші ретінде ғана емес, сонымен қоса ең басты серіктес рөлін атқарады.

Тәрбие берудің міндеттерін тек отбасы мен әртүрлі әлеуметтік ұйымдардың өзара іс-әрекеті арқылы ғана сәтті жүзеге асыруға болады. Балалар үшін бұқаралық ақпарат құралдарының, көшенің, мектептің ықпалына қарағанда отбасының ықпалы күштірек әсер етеді. Отбасы балалар үшін әрқашан да ең басты тәрбие беру институты және тұлғаны қалыптастырудағы ең маңызды орта болған және бола береді. Алайда отбасы зияткерлік, мәдени, рухани құндылықтарды қажет ететін жаңа әлеуметтік қатынастарға жеңіл бейімделетін, шығармашыл, белсенді тұлғаны толық көлемде тәрбиелеп шыға алмайды.

Отбасылық тәрбие кейінгі кезде айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Отбасының тәрбиелік институт ретіндегі мәртебесі төмендеп кетті, тіпті сырт қарағанда жайлы көрінетін кейбір отбасылардың өзінде ата-аналары мен балалары арасында өзара түсіністік болмай жатады. Ата-аналар тарапынан баланың дамуы және оған тәрбие беру мәселелерінде сауатсыздық байқалып қалады. Отбасылық мәселелердің себептері – жайсыз психологиялық жағдай, отбасыишілік қарым-қатынастарды ретке келтіре алмау. Осының салдарынан баланың тұлғалық дамуына айтарлықтай зиян келеді.

Балалардың денсаулығындағы мәселелер отбасындағы жайсыз жағдайдың салдары. Осы орайда әсіресе, жасөспірімдер арасында ішімдікке салыну, нашакорлық сияқты әлеуметтік шартты аурулардың етек алуы байқалады.

Аудио және бейнеөнімдер, әлеуметтік желілер ересектерді тәрбие беру үдерісінен шеттетіп, балалар үшін аса қажетті ата-аналық әңгімелесудің орнын басып, отбасының, мектептің, білім беру ұйымдарының беделін түсіреді.

Сондықтан да білім беру ұйымдары мен ата-аналарға балаларға тәрбие беру ісінде күштерін біріктіріп, тізе қосып әрекет ету қажеттігі туындап отыр. Бұл ретте білім беру үдерісінің барлық қатысушылары өзара түсіністік пен өзара сыйластық жағдайында жұмыс істегендері дұрыс.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың мақсаттары мен міндеттері

Қосымша білім берудің педагогі баланың тұлғалық қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін беделді адам бола алады және болуы тиіс. Дейтұрғанмен педагогтің жұмысы бірлескен және бірін-бірі толықтыратын тәрбие беру қызметіне ата-аналарды атсалыстырған кезде әлдеқайда нәтижелі әрі тиімді болады.

Аталған әдістемелік ұсыныстардың мақсаты мен міндеттері:

Шығармашыл жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу үшін жағдай туғызуға көмектесетін серіктестік пен өзара әрекет етуге негізделген педагогикалық және ата-аналар қоғамының арасындағы өзара қарым-қатынасты құру және дамыту.

- баланың еркін және шығармашылық тұрғыда дамуына жағдай жасау үшін педагогтердің ата-аналармен өзара іс-әрекетінің жүйесін құру;

- балалар мен жеткіншектердің өзін-өзі тануы және қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыруы, тиімді әлеуметтенуі үшін жағдай жасау;

- ата-аналарды әртүрлі салалар қызметіне белсенді түрде тарту;

- отбасында салауатты өмір салтын насихаттауды ынталандыру;

- балалар мен жеткіншектердің бейәлеуметтік тәртібінің алдын алу үшін жағдай туғызу.

Әдістемелік ұсыныстар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, әдіскерлердің, педагогтердің, сынып жетекшілерінің жұмысында қолдануға арналған. Ұсынылып отырған оқу құралындағы ата-аналармен жұмыс үлгісі сіздің білім беру мекемеіңіз үшін әлдеқайда қолайлы және тиімді әдісті таңдауға көмектеседі.

Қосымша білім берудің тіршілік әрекетін ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе түрінде ұйымдастырудың ерекшеліктері

Біз бүгінгі таңда өмір сүру салтымызды, өзара қарым-қатынасымыз бен ойлауымызды өзгертетін коммуникациялық құралдар революциясы, жаһандану құбылыстары басталып келе жатқан және білім беру жүйесіне ерекше талаптар қоятын дәуірде өмір сүріп жатырмыз.

Сондықтан болашақ жастар үшін мектеп қабырғасында оқып жүрген кезден-ақ ой-пікір білдіруде, іс-әрекет етуде, өзінің көзқарасын қорғауда және дәлелдеуде өзінің дербестігін көрсете алатындай жағдай туғызу керек. Қазақстанда демократиялық мемлекет құру міндеттерін сәтті іске асыру ең әуелі елдегі өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында

азаматтық демократиялық сана қалыптастыру және дамыту үдерістерімен тығыз байланысты. Ондай сана адамдардың конституциялық құқықтар мен бостандықтардың әлеуметтік кеңістігінде өмір сүру, өзінің дербестігін және қайталанбастығын көрсету сұранысын болжайды.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында негізгі элементтері болып табылатын патриоттық, көпұлттылық, адамгершілік пен құқықтық мәдениет, өзге азаматтарға, мемлекетке құрметпен қарау және сенім білдіру сезімдері жақсы үйлесім тапқан азаматтық ұстанымды қалыптастыру құралы республиканың игілігіне бағытталған олардың әлеуметтік бастамаларын қолдау және дамыту болып табылады.

Балалардың әлеуметтік бастамаларын дамытуда әртүрлі ұйымдар, одақтар мен қозғалыстар құрудың маңызы зор. Балалардың қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының қызметі жас тұлғаның әлеуметтенуін, оның өздігінен іске асыруы мен өздігінен анықтауын қамтамасыз ететін маңызды институттардың бірі болып табылады. Ол өсіп келе жатқан ұрпақтың қоғамдық өмірінде демократиялық өзгерістердің орын алуына септігін тигізеді.

Бүгінгі күні балалар мен жастардың заманауи қоғамдық бірлестіктері негізгі әлеуметтік институт ретінде жұмыс істеуде. Балалар қозғалысы біздің қоғамға және мемлекетімізге қажет. Онда жасөспірімнің ел азаматы ретіндегі пікір білдіру және ойын жеткізу сұранысы іске асады.

Азаматтық сипаттарды қалыптастыру үдерісінің сәтті жүргізілуінің басты шарты отбасы, мектеп және қоғамның педагогикалық күш біріктіруінен тұрады. Отбасы, мектеп және қоғамның әлеуметтік институттарының күшін біріктіріп, жұмысын үйлестіру үшін біздің республикамыздың жас азаматтарын тәрбиелеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясат және сол саясатқа сай келетін балалар мен жеткіншектерді қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға тарту бойынша жұмыстарды шоғырландыра және үйлестіре алатын мемлекеттік тәрбие беру жүйесі болуы керек.

Бұл жүйе өзінің құрамында тиісті мемлекеттік құрылымдарды, бастауыш ұжымнан бастап биліктің ең жоғарғы органына дейінгі барлық деңгейдегі тәрбие беру қызметінің нормативтік құқықтық базасын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы азаматтарының патриоттық сезімдері мен санасын қалыптастыру бойында іс-шаралар кешенін қамтуға тиіс.

Отандық білім беру жүйесінің дамуында жетекші бағыт ретінде еліміздің Президенті Н.А. Назарбаев оқушылардың сыртқы ортамен қажетті қарым-қатынас орнату қабілеті ретінде, сол ортаға жылдам бейімделіп, онда өмір сүретін функционалдық сауаттылығын дамытуға ерекше маңыз береді.

Әрбір баланың жеке қабілеттерінің дамуын қамтамасыз ететін және оқушылар тұлғасының өзіндік анықтауы және іске асыруы үшін жағдай туғызатын қосымша білім беру жүйесі елбасы нақтылаған тапсырмаларды жүзеге асыруға септігін тигізе алады және солай етуге тиісті.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес қосымша білім беру – азаматтардың білім алу сұранысын жан-жақты қанағаттандыру мақсатында барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі.

Егер жас азаматтардың білім алу сұранысын балалық жастағы немесе оқудағы (адамның бала кезіндегі нағыз адами тұрпатының қалыптасуы, құрылуы) тұлғаның сәтті әлеуметтік қалыптасуының жетекші тетігі ретінде қарайтын болсақ, онда қосымша білім беру **мемлекеттік оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде келесі қызметтерді** орындауға арналған деп айтуға болады:

балаларды қосымша бағдарламалар бойынша **тереңдетіп немесе әлеуметтік оқыту**, жаңа білім алу, үйрену, машықтану, қабілеттерді дамыту;

тәрбие: балалардың жеке және тұлғалық әлеуетін негізге ала отырып әрбір нақты баланы мәдениетке, оның барлық қырларына араластыру;

креативті: балалардың әртүрлі әлеуметтік деңгейдегі жетістіктерін мойындау және белгілеу арқылы әрбір баланың тұлғалық әлеуетін сәтті жүзеге асыру және шығармашылық қабілетін анықтау, дамыту үшін қолайлы жүйе мен жағдай туғызу;

өтемдеуіш: балаға олардың өздері таңдаған қызмет саласында баланың өзінің ғана емес, сонымен қоса айналасындағы әлеуметтің сұранысына ие үдемелі нәтижелермен жетістікке қол жеткізуде белгілі бір кепілдік беру;

рекреациялық (адамдар, балалар және ересектер әлемі арасында әлеуметтік қатынастарды реттеу): эмоциялық шаршауды, жайсыздықты, күш түсуді жеңілдетіп, керісінше жұмсалған күшті қайта қалпына келтіруге, психологиялық жүктен арылуға көмектесетін балалардың толыққанды, қауіпсіз, психологиялық жайлы демалысын, міндетті түрде жарқын әрі жағымды эмоциялық нәтижелері бар (гедонистік қызмет) демалысты ұйымдастыру.

Қызмет демалыс кезінде балалардың уақытты мазмұнды өткізуін, қарым-қатынас орнатуын, көңіл көтеруін және әлеуметтік байланыстарды кеңейтуін қамтитын іс-шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Мәдениет нормаларына жауап бере отырып балалар әртүрлі әлеуметтік бастамалар, жобалар арқылы мінез-құлықтың ең жоғары

формасына біртіндеп көтеріле отырып қоғам өміріне араласады, ал мәдени-сауықтық қызмет, қарым-қатынас рекреациялық қызметті атқарады, мәдениетті меңгеру, нормадан үлгіге қарай жылжи отырып сәтті шығармашылық қызмет негізінде бала өз еркімен нығаяды лайықты мойындауға ие болады;

кәсіптік бағдар: жеке қабілеттерге, тұлғалық сипаттар мен еңбек нарығының сұранысына сәйкес баланы саналы түрде мамандық таңдауға дайындаған кезде кәсіби қызметтің әлеуметтік маңызды түрлеріне орнықты қызығушылық қалыптастыру;

білім ықпалдастығы: қатынастарды меншікті ерекшеліктерін ескере отырып үйлестіру негізінде өңірдегі мәртебесіне сәйкес келетін бірыңғай білім беру кеңістігі жүйесінде сәтті қызмет істеу;

әлеуметтенулер: балалармен олардың тұлғалық әлеуетін, шығармашылық сұранысы мен қабілеттерін баланың өз еркімен анықтауына және оны өмірдің әлеуметтік және мәдени маңызды салаларында мойындауына көмектесетін сәтті іске асыру жүйесін құру арқылы әрбір баламен өмірлік маңызға ие машықтарды меңгеру, жеке жауапкершілігінің жоғары индексі мен болашағын қалыптастыруға және дамуға көмектесу,

Әлеуметтену қызметі қосымша білім беру жүйесінің жауапкершілігі тұрғысынан білім жүйесінің мемлекеттік өкілетті органы ретінде өсіп келе жатқан ұрпақтың сәтті азаматтық қалыптасуы, оның адамгершіл-рухани және әлеуметтік-мәдени әлеуетінің пәрменді әрі сұранысқа ие тұлғалық және қоғамдық деңгейде қалыптасуы үшін өте маңызды.

Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда мемлекеттік білім беру жүйесінің қосымша құрылымдық құрамдас мәртебесі, барлық жүйе сияқты әрбір қосымша білім беру ұйымына тең дәрежеде жетекші болады, төтенше мемлекеттік маңызға дейін артады және өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік қалыптасуы азаматтық, адамгершілік-рухани, патриоттық және білім беру үдерісінің басқа да бағыттарында стратегиялық фактор мағынасына ие болады.

Сол себепті қосымша білім беру жүйесі әлеуметтік мемлекеттік білім институты ретінде балалардың әлеуметтік бастамаларына жан-жақты қолдау қызметін іске асыруды және балалардың қоғамдық қозғалысының әртүрлі үлгіде көрініс табуын, өмір сүрген уақытының барлық көпқырларында жүзеге асыруға арналған: мектептегі өзін-өзі басқарудан, қызығушылық бойынша балалар бірлестіктерінен, клубтың құрылымдардан бастап ресми түрдегі заңдық мәртебесі бар балалардың қоғамдық бірлестіктеріне дейін.

Сонымен бірге бұл қолдаудың жетекші бағыты болып бәрінен бұрын: іріктеу, орналастыру, қызметті үйлестіру, кеңес беру, оқыту және біліктілікті арттыру тұрғысынан кадрлық қамтамасыз ету мәселесі

мен қосымша білім беру ұйымын дамыту мәселелерін шешуде құзыретті көмек, құзыретті қолдау болып табылады;

балалардың шығармашылық және әлеуметтік маңызға ие бастамаларына, жобаларына, форумдары мен слеттарына ақпараттық, бағдарламалық және технологиялық қолдау көрсету;

балалардың ресми заңдық мәртебесі жоқ, еріктілік, ашықтық қағидаты мен балалардың бастамалары негізінде әрекет ететін балалардың бастамашыл қоғамдық бірлестіктерінің ұдайы кеңістіктік алмасу мәселелерін шешуде қызмет аумағымен (кеңістік) қамтамасыз ету бойынша, мақсаткерлік, қауіпсіздік, жайлылық қағидаттары бойынша көмек көрсету;

балалар қозғамдық бірлестігінің ең үздік жемісті тәжірибесі, жетістіктері мен балалар қоғамдық қозғалысының өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейдегі даму болашағы мен логикалық мирасқорлық, тарихилық, ғылымилық, мақсаткерлік, өзектілік қағидаттары негізінде балалар қоғамдық қозғалысының қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

ғылыми-негізделген деректер мен мемлекеттік жастар саясатын және «Балалар құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы негізінде және Республиканың іс жүзіндегі Заңнамасы негізінде білім беру жүйесінің даму болашағын есепке ала отырып жан-жақты талдау және болжау жасау үйлестіру.

Балалар ұйымының жұмысы білім беру ұйымдарының жұмысында кең қолданыс тапқан, сондықтан балалардың қоғамдық ұйымдары негізінен мектеп жанында және мектептен тыс ұйымдарда құрылған.

Балалардың ұйымдарын және қозғалысын жетекшілер, жетекшілердің орынбасарлары, мектептен тыс және басқа білім беру ұйымдарының әдіскерлері басқарады.

Мәселен, Павлодар облысында «Қазақстанның скауттық қозғалысы ұйымы» ҚБ (ары қарай – ҚСҚҰ) 1992 жылы ҚР-ның Әділет министрлігінде ресми түрде тіркелген. 2008 жылы қазақстандық ұйым Дүниежүзілік скауттық қозғалысқа қабылданды.

ҚСҚҰ-ның мақсаты – Қазақстанда өз елінің жауапкершілігі күшті әрі лайықты азаматтарын тәрбиелеу үшін скаутингті дамыту. ҚСҚҰ филиалдары Қазақстанның өңірлерінде жұмыс істейді. Бүгінгі күні ұйымның құрамында бүкіл Қазақстан бойынша 7 мен 18 жас аралығындағы және одан жоғары жастағы 1200-ден астам жас бар. Скауттық топтағы балалар скауттық баспалдақ бойынша жас ерекшеліктеріне қарай бөлінеді. 7-10 жаста – кіші скауттар, 11-15 жаста скауттар, 16-17 жаста аға скауттар, 18 жаста – инструкторлар. Алайда скауттарда жас ерекшеліктері бойынша шектеу жоқ. Оның штабы М.М. Катаев атындағы Павлодар оқушылар сарайында орналасқан.

Республикалық скауттар ұйымының президенті және негізін қалаушысы Виктор Деймунд. Жеңіс күніне арналған «Жүздерінде жеңіс» акциясы және Көктемгі Ізгілік Аптасы сияқты ауқымды іс-шараларды жыл сайын өткізу дәстүрге айналды.

Көктемгі Ізгілік Аптасы – бұл бір аптаға созылатын шара, бұл кезде скауттар балалар үйлерінде, қарттар үйлерінде, сәбилер үйлерінде, мектептер мен көшелерде, үйлерде ізгі істерді жасауға барынша күш салады.

Тағы бір іс-шара – Ертіс өзенінің бойымен экологиялық жүзу, бұл кезде 100 шақырымнан астам қашықтыққа созылып жатқан өзеннің жағалауы тұрмыстық қалдықтардан тазартылады. Сондай-ақ, жастар активі Мектебінде, әлеуметтік жобалар жәрмеңкесінде, Inmarket таныстырылымы – жәрмеңкесінде, серіктестік Орталық өткізетін жобаларда, «Десантта», «Алтын күз» туристік сайысында, Қазақстандағы Германияның Ұлттық Джамбориінде қатысу дәстүрге айналды.

Патриотизм ұлттық мәдениеттің элементі болып табылса, ал скаут – қоғамның дамуына өзінің үлесін қосып жүрген жас азамат және патриот. Қазақстанның скауттық ұйымы «Қазақстан 2050» Стратегиясы президенттік бағдарламасының қабылдануына орай өткізілген «Болашақ бүгіннен басталады» атты республикалық акцияға белсенді қатысты. Павлодар облысының скауттары «Анашым», «Мен және менің болашағым», «Сен жалғыз емессің», «Айналамызда табиғат» акцияларын өткізді.

Бұл шаралардың барлығы жастарды ардагерлерге құрмет көрсетуге, кәсіби бағдарлауға, мүмкіндігі шектеулі жандарға төзімділік қарым-қатынас білдіруге, табиғатты аялауға тәрбиелеуге бағытталған.

Отанға деген сүйіспеншілік – бәрінен бұрын өзің тұратын ауланы, өзіңнің үйіңді күтіп ұстау, қамқорлыққа алу. Скауттар үйлер мен аулаларды абаттандыру жұмыстарымен (қоқыстарды тазарту, ағаштар мен гүлдер отырғызу) ұдайы айналысады. Отанға деген сүйіспеншілік ол – туғандарың мен жақын адамдарыңа, достарыңа және жалпы адамдарға қамқорлық көрсету. Қазақстан скауттары үшін Қарттар үйлерінің, Балалар үйлерінің аумақтарында көшеттер отырғызу, мүгедектерге, қарияларға қол ұшын созу дәстүрге айналған.

Әрбір скаут өзінің туған өлкесінің, мемлекетінің тарихын жақсы біледі. Біз өзіміз өмірге келген уақыт пен жерді таңдамаймыз және өзіміз дүниеге келген елдің тарихын сол күйінде тануымыз керек.

Скаутинг бірінші кезекте осынау үлкенді-кішілі оқиғаларда мыңдаған қарапайым адамдардың тағдыры өрілгенін үйретеді, біз олар туралы естеліктерді көздің қарашығындай сақтап, құрметтеуіміз керек. Патриотизм ұлттық мәдениеттің элементі болып табылады.

Дәстүрлер мен символдар ол – бізге бабаларымыз жүріп өткен белгілі бір тарихи жолға қатысты екенін ұдайы еске салып тұрады.

Скаут - өз Отанының азаматы, ол бүгінде осы қауымдастыққа мүше және қазірден бастап өзінің қоғамды дамытудағы үлесін жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде қосып жүр. Жазғы шатырлы демалыс лагерлерін ұйымдастыру да дәстүрге айналды, ол жерлерде балалар денсаулықтары мен физикалық дайындықтарын нығайтып, қиындықтарға қарсы тұруға үйренеді. Бұл лагерьлерде балалар барлығын өздері істеп үйренеді, түскі асты дайындайды, аумақты тазартады, жобаларды ұсынып және оларды іске асырады. Аға тәлімгерлердің көмегімен әрине.

Алматы, Тараз және Қостанай қалаларындағы балалар ұйымдарының жұмыс тәжірибесі қызықты.

«Арай» комсомол штабы, қазір жай ғана Алматы қаласы жоғары сынып оқушыларының штабы деп аталатын ұйымның тарихы 1986 жылдан бастау алады. Пионерлер мен комсомолардың заманы баяғыда келмеске кетсе де біздің штаб жаңа уақыттың талаптарына бейімделе отырып бірлік пен достастықтың, өзара түсіністік пен сенімнің рухын сақтай білді, соның арқасында жастар қанаттанып, күш-қуат алуда, ізгілік пен әділдіктің, шығармашылықтың шабытына ерік беруде.

Бәрі де 1986 жылы Қазақстанның барлық түкпірінен балаларды жинаған «Достық» атты мектеп комсомолдары активінің жиынан басталған. Жиын қорытындысында мектеп комсомолдарының ұйымдары мен штабтарының қызметін бағыттап отыратын орталық құру туралы шешім қабылданды. 1986 жылдың ақпан айында Пионерлер мен мектеп оқушыларының республикалық сарайында Елена Валерьевна Быкованың жетекшілігімен «Арай» республикалық комсомол штабының алғашқы жиыналысы өтті.

90-шы жылдардың басында КСРО ыдыраған соң штапта дағдарыс туды, комсомол таратылды, басқа да жастар ұйымдары жабылды, барлығын біріктіріп алға бастыруға көмектесетін ұжымдық іс қалмады.

Міне сол қиын-қыстау кезеңде штабтың қазіргі жетекшісі Оксана Витальевна Лаврушенко барлығын қайта жандандырып, штабтың жұмысын жаңа бағытқа бұрды. Ол бағыт тұлғаны дамытуға, жастардың өзара тығыз қарым-қатынас орнатуына, жақын адамдардың және басқалардың игілігі үшін пайдалы істерді атқаруға негізделді. Содан бері мінеки 20 жылдан астам уақыт өтсе де «Арай» алғашқы бағытынан айнымай келеді. Арайлықтардың өмір сүру стилі мен қоршаған әлеммен өзара әрекеті бірінші кезекте адамдармен ізгі қарым-қатынас орнатуға құрылған. «Не істесең де әлемде ізгілік еселеніп отыруы керек» деген заңдылықты нық ұстанған нағыз арайлық атақ-мәртебеге қол жеткізуді емес, өмірде ізгі істерді атқаруды өз жолы деп санайды.

Әлемді жақсы жаққа өзгерткің келсе, өзіңнен баста! Клуб сабақтарында қандай да бір жасқаншақтық мінезді жеңуге көмектесетін, шешендік өнерге, актерлік шеберлікке машықтандыратын ойындар мен тапсырмалар өте көп. Сол сияқты клубта музыка да жеткілікті. Әрбір сабақта бардтық әндер шырқалады және гитарамен ғана емес, басқа аспаптар да ойнатылады. Арайға келгендердің көбісі гитара аспабында ойнауды меңгеріп, тіпті кейіннен өздері де ән шығаратын болады. Дегенмен қоғамдық бағытына сәйкес ұжым әртүрлі акцияларға: балалар үйлері мен ауруханаларда өткізілетін қайырымдылық, ойын бағдарламаларына, экологиялық және т.б шараларға белсенді қатысады.

Қазақстанның аутизмге және басқа да дамуды тежейтін ауруларға шалдыққан балалары мен жасөспірімдеріне көмектесетін Алматы қаласындағы «Ашық Әлем» қоғамдық қолдау қоры 2013 жылдан бері өзінің бағдарламасын жүзеге асырып келеді.

Жобаның мақсаты – аутизммен ауыратын балаларға арналған инклюзивті білім беру. Қазақстанда аутизммен ауыратын балаларға білім беруде, оларды инклюзивке дайындауға, яғни, жалпы білім беретін және әлеуметтік ортаға қосуға көмектесетін «ABA-Applied Behavioral Analysis» (қолданбалы мінез-құлықтық талдау) тиімді инновациялық үлгісін енгізу.

Міндеттер:

- аутизммен ауыратын балаларға арналған білім беру стандартын жасау.

- аутизммен ауыратын балалардың сұранысына жауап бермейтін әдістерді қолданбау.

- сөйлеудің даму деңгейінен бөлек, қабілеттілігі мен үлгерімін бағалаудың объективті өлшемдері мен әдістерін енгізу және қолдану.

- шетелдің жемісті тәжірибесін Қазақстандағы мектепке дейінгі және мектептегі білім беру жүйесіне бейімдеу.

- аутизммен ауыратын зерделенбеген балалардың білім алуы мен инклюзивіне арналған арнайы бағдарлама жасау.

Қазақстанда аутистикалық спектрі бұзылған (АСБ) балаларға білім беру бойынша стандарт жоқ. Мұндай балалар оқуға қабілеті қалыпты быюлған күннің өзінде жалпы білім беретін мекемелерде түсініспеушілік пен шеттетуге тап болып, амалдың жоқтығынан қоғамнан тысқары қалып қояды. Жобамен ұсынылып отырған үйде білім беру үлгісі балалардың толыққанды білім алуына қол жеткізіп, олардың азаматтық құқықтары мен мүмкіндіктерін шектемейді.

Бүгінгі күні Қазақстанда балалардың осындай топтарымен жұмыс істеуге дайын мамандар мен бейімделген әдістемелер жетіспейді. Аталған жоба осы проблемалармен жұмыс істейді.

Жобаның нәтижесі:

Аутизммен ауыратын 10 баланы қосымша білім беру ұйымының ұдайы сыныбы мен топтарына қосу.

Инклюзивті білім беруге 30-дан кем емес педагогтар мен басқа да мамандар, сондай-ақ, аутизммен ауыратын балалардың ата-аналары қатысады.

Ұзақмерзімді келешек:

Сынып пен топ 10 адамға дейін кеңейтіледі, қосымша топтар мен сыныптар құрылады.

Жобаның базасы мен оның командасында аутизммен ауыратын балаларға инклюзивті білім беру бойынша Зертхана құрылады. Ол жерде аталған топтағы балаларды жалпы білім беру жүйесінде ұдайы негізде оқытудың әдістемелері бойынша кеңестер мен тренингтер өткізіледі.

Аутизммен ауыратын балаларды оқытудың осындай үлгілерін өзге де мемлекеттік мекемелердің базасына енгізу, балалардың осы тобына арналған инновациялық білім беру үлгісін енгізу үшін жобаның серіктестері мен мемлекеттік құрылымдардың өкілдері арасында әріптестік орнату мүмкіндіктері қарастырылған.

Тараз қаласында 2009 жылдан бері «БАТЫЛ АНА» мүгедек-балалардың ата-аналар қоғамы» қоғамдық бірлестігімен «НҰР БАЛА» жобасы табысты іске асырылуда.

Бұл жоба тірек-қозғалыс аппараты бұзылған және психоневрологиялық ауруға шалдыққан балаларды қоғамға сіңістіру, оңалту, оларға әлеуметтік қолдау көрсету.

Сонымен қатар «НҰР БАЛА» жобасы мүгедек балаларды сауықтыру-оңалтуда жаңа әрі тиімді иппотерапия тәжірибесін қолданады. Жобаның кішкентай қатысушылары үшін жан-жануарлармен тікелей байланыс орнату қаншалықты жақсы әсер беретінін айтпағанда, атқа мініп серуендеудің балалар денсаулығын сауықтыруда пайдасы өте керемет. Бұған қоса жобаның арқасында жазғы сауықтыру демалысында мүмкіндігі шектеулі балалар он екі мүшесі сау құрбыларымен бірге ойнап, жақын байланыс орнатады.

Жобаның тағы бір негізгі қызметі ретінде қосымша білім беруді атауға болады. Жоба авторы мен «НҰР БАЛА» орталығының қызметкерлерінің айтуынша, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру мекемелерінде, орта немесе жоғары оқу орындарында оқыту олардың тұлғалық сипаттарының қалыптасуына ықпалын тигізіп, ары қарай еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін дамытуға көмектеседі.

Жоба іске асырыла бастаған кезден бері оған 807 адам қатысты. Осы кезең арылығында болашаққа зор үміт артатын нәтижелерге қол жеткізілді:

- 17 мүгедек-бала білім беру ұйымдарында оқуға мүмкіндік алды;

- бұрын оқымаған балалардың арасынан 35-і оқуды, сурет салуды және жазуды үйренді;
- мүмкіндігі шектеулі 145 бала иппотерапия курсынан өтіп, оның ішінде балалар церебральды сал ауруына (БЦС) шалдыққан 43 баланың статистикасы жақсарды;
- 270 бала жазғы сауықтыру лагерінде демалысын өткізді;
- мүмкіндігі шектеулі 23 адам жұмысқа орналасты;
- мүгедек-балалардың ата-аналары арасынан 52 адам жобаны жүзеге асыруға жұмылдырылды.

Мұның сыртында «НҰР БАЛА» орталығы аталған балалардың көпшілігіне өздерін еркін сезінуіне, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға, жаңа достар табуға көмектесті.

Жұмыс қорытындысы бойынша жоба авторымен және оның пікірлестерімен мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастарды дамытуға және қоғамға біріктіруге, оңалтуға қатысты мәселелерді шешудің кешенді үлгісі жасалады.

Қостанай қаласындағы «Родник» жастар қоғамдық бірлестігі 2017 жылдың қазан айында құрылған. «Родниктің» қызметінің негізгі бағыты өлкетану мен экология. Осы бағыттарда жұмыс істеу арқылы балалар өздерінің туған өлкесін тану және зерттеу үшін кең көлемде әртүрлі материалдар алады. Ондағы басты мақсат – балаларды, жастарды туған өлкенің тарихын тануға жұмылдыру, рухани-адамгершілік құндылықтар басымдыққа ие әлеумет өміріне бейімделген тұлғаны тәрбиелеп шығару.

Бүкіл жұмыс бірлестік қатысушыларының шығармашылық және ғылыми қызметтерін дамытуға, қоғамдық пайдалы іс-шаралар ұйымдастыруға, сондай-ақ, тұрғындарды өлкетанушылық іздеу жұмыстарына тартуға бағытталған.

«Родник» мүгедек балаларды қамқорлыққа алады: қайырымдылық және көңіл көтеру шараларын, акцияларды өткізеді. Жастар мен балалар үшін байқау-көңіл көтеру және зияткерлік бағдарламалар, фольклорлық мерекелер ұйымдастырады. Жеңіс күніне орай «Естелік вахтасы» шарасын өткізу дәстүрге айналған.

Мектептің балалар ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Жастардың ҮЕҰ мен бастамашыл топтардың жетекшілеріне, клубтардың басшыларына арнайы семинарлар, шеберлік-сыныптар, тренингтер өткізеді.

Павлодар облысында бірінші орынға мыналар қойылған: жастардың әлеуметтік жобаларын іске асыру; мектептік және студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамытуға көмектесу; балалар мен студенттік бірлестіктердің жұмысына жастарды тартуға арналған ақпараттық кеңістік құру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамды өздерінің қызметі туралы хабардар етіп отыру; балалар

бұқаралық ақпарат құралдарының сапасы мен көлемін арттыру; облыстық «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қамқорлығы аясында құқықтық білім беретін «Балалардың құқықтық мектебі» бірыңғай орталығын құру; жас көшбасшыларды анықтап, оларды қоғамдық қызметтің барлық саласына тарту.

Заманауи балалар қоғамдық қозғалысы балалар мен жасөспірімдердің жасындағы шынайы уақыттың тарихи кеңістігінде жайылған және қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси құбылыстарының әсерін өзі арқылы өткізетін әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарауы керек.

Балалар қоғамдық ұйымы мен бірлестігі балалар қозғалысының мейілінше тұрақты және құрылымдалған бөлігі болып табылады және тәрбие берудің ерекше институты ретінде саналады. Ал жеткіншектердің бастамашылдығын анықтауды және белсенді өмірлік ұстанымын құруды қаматасыз ететін тиімді құралдардың бірі ретінде оның балалар қоғамдық ұйымдарымен мақсатты ұйымдастырылған әлеуметтік-мәдени қызметке енгізілуін айтуға болады.

Қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде балалар қоғамдық ұйымдарының өскелең ұрпақты тәрбиелеу институты ретіндегі маңызы бүгінгі таңда өлшеусіз артып келеді. Сондықтан қазіргі уақытта өсіп келе жатқан ұрпақты әлеуметтендіру негізгі факторы ретінде балалар қоғамдық ұйымдарында өзін-өзі басқаруды дамыту жолын анықтаудың маңызы жоғары. Балалар қоғамдық ұйымдарының әлеуметтік-мәдени мүмкіндіктерін пайдалану, біздің ойымызша, осы ұйымдарда өзін-өзі басқаруды дамытудың жемісті жолы болып табылады.

Педагогтың қызметінде серіктестіктен достастыққа, достастықтан қосалқы шығармашылыққа қағидатын қолданатын орын табылуы керек.

Ол үшін тәлімгерлерге, балалар қозғалысының ұйымдастырушыларына, педагогтарға балалардың шығармашылық белсенділігін дамытып, шығармашылық байқауларды көбірек өткізу керек. Бала мен ересек адам бір-бірімен серіктесіп, ал педагог балаға барлық жағынан көмектесуі керек, бірақ оның жұмысын істемеуі тиіс.

Бұл, баланың басқа ұжымда және қауымдастықта өзара қарым-қатынас орнату мінезінің негізін қалайтын аса маңызды қағидат. Егер бала бұл қағидатты меңгеріп алса, келешекте тұлғаның әлеуметтену үдерісі жылдам әрі жеңіл өтеді, сондай-ақ, алдағы өмірінде өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігі артады. Ол үшін балалардың сұранысына жауап беретін ойындар мен шараларды көбірек өткізіп, оларды мектеп өміріне белсенді араластыру керек. Өйткені ойын ойнау барысында бала әлеуметтік қарым-қатынастарды үйреніп, өмірдің әртүрлі саласында жаңа әлеуметтік рөлдерді игере

алады. Елестету мен білімнің негізінде балалар мен ересектердің әлеуметтік өзара әрекеті нұсқаларының апробациясы жүреді.

Тәлімгерлер мен балалар қозғалысының үйлестірушілері, педагогтар балаларды достарымен қарым-қатынас орнатқаны, көңіл көтергені үшін жазғырмай, керісінше олардың қызығушылық аясын кеңейтіп, белсенді және шығармашылық қызмет түрлеріне ынта-ықыласын белсендіруі, қолдауы, сондай-ақ, жаңа қызмет салаларына тартуы керек.

Ол үшін балалар қозғалысы бағдарламасында баланың шығармашылық дүниетанымы мен ойлау қабілетін кеңейтуге мүмкіндік беретін әртүрлі бағыттар мен салаларды қамтыған жобалар мен шаралар қамтылғаны дұрыс. Сол арқылы бала өзін әртүрлі бағытта сынап көріп, өзіне нақты не қажет екенін анықтай алатын болады.



Балалардың шығармашылық белсенділігі олар әртүрлі байқауларға көбірек қатысқан жағдайда ғана жоғары болады. Ол үшін үйрете бергенше, жас адамды өзінің мінезін қалыптастыратын дүниелерге араластыру керек.

Жоғарыда аталғандардың



барлығы балалар қоғамдық қозғалысының үйлестірушілеріне, тәлімгерлер мен педагогтарға балалар қоғамдық ұйымдарында, жаппай мектеп пен қосымша білім беру ұйымдары базасында балалар қоғамдық қозғалысының өмірлік қызметін ұйымдастыруға, сондай-ақ, балалар мен жеткіншектерді табысты

әлеуметтендіруге септігін тигізеді.

Оқушылардың отбасыларымен қосымша білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық өзара іс-әрекет жүйесі

Балаларға қосымша білім беру жүйесі жалпы білім беру саласының негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Бұл өз кезегінде педагог қызметіне балалардың тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін бірқатар деректердің әсер ету жағын ескеріп қана қоймай, олардың бір-бірімен барынша нәтижелі әрекет етуіне жағдай жасауды

білдіреді. Отбасы қоғамның көмекшісі ретінде қарастырылуы қажет. Ал қоғам болса, отбасыға барынша қамқорласып, қолдау білдіруі керек.

Қоғам тұрғысынан қарайтын болсақ, ата-ана болу дегеніміз – ең алдымен, баланың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның есен-сау әрі бақытты болуына қол жеткізу. Ал енді педагогика мен бала психологиясы тұрғысынан қарастырсақ, жоғарыда аталған ұғымның ішіне балалармен тығым қарым-қатынас орнату, оларды тәрбиелеу және адам, тұлға ретінде қалыптасуына көмектесу сияқты факторлар кіреді. Ата-ана тәрбиесі – халықаралық термин. Аталмыш термин сонымен қатар, ата-аналардың өзіне де балаларына тәрбие беру жағынан жан-жақты жәрдемдесуді білдіреді. Көп жағдайда ата-аналарға балаларына тәрбие беруде сырттан да қолдау қажет болып жатады. Әлбетте, қазіргі кезде мұндай кәсіби көмекке деген сұраныс өте жоғары. Себебі, өскелең ұрпаққа кәсіби тұрғыдан тәрбие бере отырып, болашақ ата-аналарды дайындаудың деңгейі тым төмен екенін мойындасқа амал жоқ.

Мектеп тәрбиесімен салыстырып қарасақ, қосымша білім беруде оқушылар, ата-аналар және педагогтар арасындағы қарым-қатынас таңдау еркіндігіне негізделеді. Алайда, көбінесе, ата-аналардың басым бөлігі қосымша білім беру ұйымдарының оқытушыларымен жүйелі түрде қарым-қатынас жасап тұруды қажет деп таппайды. Осының әсерінен, кей кезде баланың отбасымен байланыс нәтижелері ойдағыдай болмай жатады. Көп жағдайда қосымша білім беру жүйесінде білім алып жатқан бала ата-аналарының аталмыш жүйеге деген көзқарасы парадоксалды болып келеді:

бір жағынан, ата-ана балалары «пайдалы іспен» айналысқанын қалайды;

екінші жағынан, ата-аналардың айтарлықтай бөлігі бұл мәселеге тым немқұрайлы, «тұтынушылық көзқараспен» қарап жатады.

Өкінішке қарай, ата-аналардың көбі қосымша білім беру ұйымдарының қызметіне атүсті қарайды немесе оларды бірден бастапқы кәсіби білім беретін мекеме ретінде қарастырып жатады.

Шындап келсек, тәрбие беру мәселелері оң шешімін табуы үшін отбасы мен өзге әлеуметтік институттардың бірлесе әрекет етуі айрықша маңызды. Себебі, педагог пен ата-ананы баланың денсаулығы мен оның жан-жақты дамуы, ортақ істе жеке бас табысы мен сенімділік атмосферасын қалыптастыру сияқты факторлар біріктіреді.

Қазіргі заманғы білім беру жағдайында қосымша білім беру саласындағы өзгерістер екі ұшты болып келеді. Оның бірі жоғарыдан ұйымдастырылған білім беру саласын жаңғырту жұмыстарының басталуымен көрініс тапса, екіншілері төменгі жақтан басталып, көбінесе формальды қайта құрудан тыс, өзіндік, асығыс емес жүріспен

жүргізілетін өзін-өзі ұйымдастыратын мәдениеттүзуші үрдістер нәтижесінде жүзеге асады. Өткен жылдардың тәжірибесі жоғарыдан басталатын өзгерістермен байланысты болған.

Бүгінде қызмет көрсетіп тұрған балаларға қосымша білім беру ұйымдарында және мектептердегі оларға сәйкестендірілген қосымша білім беру блоктарында уақыт өткен сайын төменнен басталатын бастамалар көбірек құпталуда.

Бір сөзбен айтқанда, қазірде екі бастама да құптау тауып отыр. Аталмыш екі бөлек бағдарлы өзгеріс бара-бара балаларға қосымша білім беретін жаңаланған әрі ашық, заманауи талаптарға сәйкестендірілген жүйенің қалыптасуына әкеледі.

Осындай талаптың бірі – қосымша білім беру ұйымдарында демократиялық балалар мен ересектер қауымдастығы мен түрлі әріптестік формаларын қалыптастыру және кезең-кезеңімен дамыту. Яғни, бірыңғай тәсіл мен ұстаным негізінде балалар, педагогтар және ата-аналардың мақсатты бірлескен іс-әрекетіне қол жеткізу.

Енді қоғамның әлеуметтік сұраныстарына келейік. Бүгінде қоғам ретінде қарастырылып отырған балалар мен ата-аналар, қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық қауымдастығы, басқарушы және өзге де құрылымдарының іс-әрекеттік жағынан сұраныстары мен талаптары қандай? Бұл жерде бірнеше позиция бар.

Соңғы жылдары балалар мен олардың ата-аналарында мәдени-білім беру, ақпараттық және бос уақыт қызметтерінің рөлі артқанын байқауға болады.

Яғни, адам мен қоғам үшін формальді емес білім берудің маңызы артып, қосымша білім беру жүйесінің назары әр баланың, педагог пен ата-ананың жеке азамат ретіндегі дербестігіне аударылады.

Осыдан біраз жыл бұрын ата-аналар өз балаларын бейімделген, «сұранысқа ие» және «мәртебелі» ұжымдарға: ағылшын тілі, информатика және тағы басқа пәндерге беруге тырысса, бүгінде жағдай өзгеріп, баланың әке-шешісі оның «дені сау» болып өсуін және «шығармашылық жағынан дамуын», «өзіне ұнайтын іспен айналысуын», «өзгелермен тіл табыса білуін» қалайды. Бір сөзбен айтқанда, денешынықтыру-сауықтыру және шығармашылықты дамытуға бағытталған ұжымдарға қарай бейімделу байқалуда. Демек, қоғам ретінде қарастырылып отырған ата-ананың қосымша білім берудегі әлеуметтік сұранысы жалпыадамзаттық құндылықтарға басымдық беруде.

Қазіргі кезде қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметі нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі, сөзсіз, оның материалды-техникалық базасының жағдайына тікелей байланысты. Заманауи әрі аса қажетті құрал-жабдықтармен жеткілікті мөлшерде жабдықталу кез-келген ұйымның ойдағыдай қызмет етуі үшін ерекше маңызды.

Қосымша білім беру жүйесін жаңғырту және қосымша білім беру ұйымдарының басқару ісін демократизациялау бірініші кезекте іс-тәжірибенің дамуына жол ашпақ:

- педагогтар, ата-аналар және балалармен қосымша білім беру ұйымындағы проблемаларын анықтау және оларды жою;
- бірлесе отырып проблемаларды және оларды шешу жолдарын қарастыру;
- анықталған проблемаларға қатысты барлық басымдықтар мен қалыптасқан пікірлерді, позицияларды емес, жеке-жеке талқылау;
- дискуссияға қатысушылардың пікірлерін ескере келе, консенсусқа жету негізінде ең соңғы жария шешімдерді қабылдау;
- азшылықтың құқығын мойындау шешімдердің қабылдануына әсер етеді;
- бірлескен әрекет алаңындағы таңдауды қамтамасыз ету (оның ішінде азшылықта қалғандарға да бар);
- ашық жедел басқару;
- жария түрде әріптестік нәтижелеріне талдау жасау, бұған жалпы педагогикалық жүйе қызметіне жүргізілген қоғамдық сараптама аясындағы жұмыстар да кіреді.

Өз міндетін біржақты ғана түсінетін педагог («натюрморт салуды үйрету», «па-де-дені жаттату») баланың эмоционалды қырынан дамуына, оның байланыс орнатуға, өзін-өзі дамытуға қатысты қабілеттерін жетілдіруге көңіл бөлмейтін болады. Педагогтың қызметі формальды, тар ауқымдағы пәндік, бірқалыпты, таңылмалы, репродуктивті бола алады («Мен осымен 15 жыл бойы балаларға биде осындай ... па жасауды үйретіп келемін»). Ал негізінен ол дамытуға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды орындауға, позитивті, әлеуметтік реңктегі зарядқа толы, балаларға қызықты болуы керек.

Мұның шешімі төмендегідей: педагогтың саналы қызметін жоғарыдан құру: ынталандыру, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, оқулар, тренингтер арқылы; төменнен: педагогтың өз қызметін өзінше талдауы мен рефлексиялау арқылы (мұны қайтадан ұйымдасқан түрде құру қажет). Педагогтың шынайы қызметін оның білім беру бағдарламасымен салыстыру қажет. Бұл арқылы «ақтаңдақтарды» тауып, олардың орнын шынайы ақпаратпен толтыруға болады.

Егер де қосымша білім беру ұйымдары бала үшін оның шығармашылық дамуына (алдымен, әрине, субъективті түрде) қажетті жағдайларды қамтамасыз ете алмай жатса, онда бұл ұйымда көп нәрсені өзгерту қажет. Қосымша білім беру ұйымы әр тәрбиеленушіге өз жаңалығын ашуға көмектесуі тиіс: балаға оның «өзі жаңалық аша алатынына» және жаңа, аса пайдалы дүние жасап, шығару қандай керемет екенін көрсету керек.

Мейлі, айлдымен бұл бидегі жаңа қадам не баланың өзі шығарған тақпақ болсын, әйтеуір, ол өз бетімен бір нәрсе жасай алытынына көзі жетуі керек. Бұл үшін баланы атақты адамдардың шығармашылығымен, түрлі саладағы, өнер, ғылым мен техникадағы шығармашылықтың ерен үлгілерімен таныстыру қажет. Егер біз жалпы тәрбие беру жөнінде айтатын болсақ, мұндайда, сөз жоқ, тек бір ғана педагогтың «шығармашылығына» арқа сүйеу аздық етеді. Білім беру бағдарламаларына және балалар ұйымдары жөніндегі ережелерге осы мәселелерді қосу дұрыс болады. Ең бастысы, мұндай істерді ұйымдастырып, өткізу тәжірибесін кезең-кезеімен жүзеге асыруға күш салу қажет.

Дамуға қатысты келесі тағы бір аса маңызды аспект – қарым-қатынас. Бұл қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар ісінің ерекше маңызға ие түрі болып табылады және оның кәдімгі мектепке қарағанда артықшылықтары көп. Толыққанды қарым-қатынас жасау мүмкіндігінен айырылған балалар кейінгі өмірде өздерін көбінесе жайсыз сезінеді. Қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері көбінесе біржақты қарым-қатынас жасауға мәжбүр болып жатады. Яғни, педагог ақпарат берсе, балалар оны тыңдаумен шектеледі. Осы жерде педагогтардың бірталайы балалар арасында олардың азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға көмектесетін қарым-қатынастарды ұйымдастырып, орнату мәселесіне бейжай қарап жататынын да айта кеткен абзал. Бұл – жаңсақ пікір. Қосымша білім беру ұйымының педагогы баланың барынша көп қарым-қатынас түрлерін меңгеруіне көмектесуі қажет. Бұл үшін қарым-қатынастың түрлі формасындағы алдын ала зерттеулерді жүргізу керек.

Мұның екі жолы бар:

1) орын алып жатқан құбылыстарға пассивті көзқараспен қарап, іс жүзінде де тура осындай ұстанымда болу жолы;

2) өзін-өзі танудың активті жолы, яғни орын алып жатқан құбылыстарға белсенді араласып, оған әсер етуге, оны өзгертуге және жаңа қарым-қатынастар орнатуға тырысу бағыты. Бұл жол қызығушылықпен танып-білуге, орын алған құбылыстарды өз бетінше түсінуге, сондай-ақ, басқалармен белсенді байланыстар жүргізуге бағытталған.



Бұл мәселені шешу үшін не істеуге болады?

Ересектер (педагогтар, ата-аналар) мен балалардың бір-бірімен қарым-қатынас орнатуларына күш салу керек. Ол үшін әлеуметтік

маңызға ие (бірінші кезекте, көмекке зәру адамдармен – ардагерлер, мүгедектер және мүмкіндігі шектеулі балалармен) ойындар мен шығармашылық жұмыстарды (КТД, қойылымдар, фестивальдер, спартакиадалар және басқалар) өткізу қажет. Бұл әр балаға қоғамда өз орнын табуға, белгілі бір салада көшбасшылық қырынан көріне білуге, диалог жүргізуге, ымыраға келуге, толеранттық нормалары бойынша өмір сүруге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жағдайлар балаға жеке бас және ортақ табыс пен бақыт үшін аса қажет екенін сезіндіреді.

Қосымша білім беру ұйымдарының ата-аналармен жұмыс жүргізудегі негізгі міндеттері бала мен ата-ананың қарым-қатынасына психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, педагог, ата-ана және бала арасындағы әріптестік байланыстарды нығайту, ортақ гуманистік, ізгі тәрбие беру ортасын қалыптастыру үшін отбасының әлеуметтік-мәдени әлеуетін толықтай пайдалану сияқты жайттар болып табылады. Дербестік сақтап, ата-анамен формальды байланыс орнатудың орнына қосымша білім беру ұйымдарының педагогтары отбасылармен әлеуметтік әріптестік орнатуға, ата-аналарды білім беру үдерісіне белсенді араластыруға тырысулары қажет.

Ата-анамен жұмыс жүргізуге бірқатар кешенді іс-шараны жатқызуға болады. Атап айтқанда, психологиялық ағартудың түрлі формалары, оқыту, ақыл-кеңес беру, профилактика сияқты іс-шаралар ересектерге отбасылық қарым-қатынастарды дамытудағы өз рөлдерін сезінуге, баланың бақытты болшағы үшін оның интеллектуалды, әлеуметтік, сезімдік, этикалық, эстетикалық жағынан көзі ашық болуы керектігін түсінуге көмектеседі.

Ата-аналар қауымдастығымен жұмыс жүргізудің негізгі бағыттары:

- балаға тәрбие беру мен оның қабілеттерін дамыту мәселесінде ата-ананың сұраныстарына диагностика жасау;
- ата-ананы педагогикалық үдеріске араластыру;
- баланы тәрбиелеу, оған білім беру және қабілеттерін дамыту мәселелері бойынша ата-анамен педагогикалық ағарту жұмысын жүргізу;
- дербес педагогикалық ақыл-кеңестер беру арқылы бала мен ата-ананың жеке басына қатысты және өзге де проблемаларын шешуге іс жүзінде көмектесу;
- ата-ананы мекеменің мәдени-бос уақыт шараларына қатыстыру, білім беру үдерісін ұйымдастыруға қажетті материалдар мен құралдарды іздеуге жұмылдыру, өз баласының жетістіктеріне қызығушылығын арттыру.

Ата-анамен байланыс міндеттері:

1. Әр оқушының отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату.
2. Баланың толыққанды даму және тәрбие алуы үшін бірлесе

әрекет ету.

3. Эмоционалды қолдау мен мүдде ортақтығының атмосферасын қалыптастыру.

4. Ата-анаға тәрбие беру қабілеттерін көрсетуге көмектесу және оларды дамытуға атсалысу.

Педагогикалық ұжым ата-аналар қауымдастығымен қарым-қатынастың негізгі бағыттары бойынша жұмыс жүргізіп, бұл мақсатта *тәрбие беру-дамыту, ағарту, коммуникативтік және сауықтыру* міндеттерін қолданады.

Қосымша білім беру жүйесінің педагогтары мен ата-аналарды баланың денсаулығы мен оның дамуы үшін қам жеу, ортақ істе жеке бас табысы мен сенімділік атмосферасын қалыптастыру сияқты міндеттер біріктіреді.

Білім беру үдерісі қатысушыларының жасөспірімдерді әлеуметтендіру тәсілі ретіндегі серіктестігі

Жасөспірімдік жас бала үшін де және оның ата-аналары үшін де ең қиың кезеңдердің бірі болып табылады. Қиыңдық «әкелер мен балалар» тақырыбындағы қайшылықтар мен қақтығыстардың пайда болуында. Нақ осы кезеңде балаға ата-ана тарыпанын да, педагогтар тарапынан да назар мен қамқорлық аса қажет. Алғашқы планға тұлғаның әлеуметтену тегершіктерін анықтайтын психиканың барынша маңызды бір функциясы ретінде әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі шығады.

Құқықбұзушылықтарды алдын алудың және ерте ескертудің жалпыәлеуметтік жүйесі негізгі рөлді атқарады. Алдын алудың жалпыәлеуметтік шараларына нені жатқызуға болады?

Ең алдымен, бұл кәмелетке толмағандардың экономикалық, рухани, құқықтық мәселелерді шешуге; аз қамтылған отбасылардағы ана, жасөспірімдердің пансыздығы, бақылаусыздығы мәселелерін шешуге; балалар спортын, шығармашылығын, қолөнерін, бос уақытын материалдық қолдауға; кәмелетке толмаған жасөспірімдерді тәрбиелеудің рухани-адамгершілік негізін қалыптастыруға; БАҚ арқылы құқықтық ағартуды ұйымдастыруға; психикалық ауытқушылығы бар жасөспірімдердің девиантты жүріс-тұрысын дербес алдын алудың тәсілдері мен әдістерін нығайтуға және т.б. бағытталған мемлекеттік бағдарламалар. Жастар арасындағы қылмысты алдын алудың арнайы шаралары кәмелетке толмағандар жөніндегі инспекциямен, жасөспірімдердің бақылаусыздығын алдын алу және тұрғылықты жер бойынша жайсыз отбасылармен жұмыс жөніндегі бөлімшелермен қабылданады.

Баланы тәрбиелеудегі, рухани-адамгершілік қалыптастырудағы айтарлықтай рөл қосымша білім беру ұйымдарына тиесілі. Өйткені, бала онда тек білім алып қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік жүріс-тұрыс дағдыларын игереді. Мектептен тыс ұйымдар тәртіпке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке және де қатыгездікке, бейжайлыққа, о жарлыққа және эгоизмге қарсы тұруға баулиды. Сонда да кәметке толмаған қылмыскерлердің басым көпшілігі – мектеп жасындағы жасөспірімдер. Қалайша осылай болуы мүмкін? Аталмыш ұйымдар жұмысындағы қандай жағдаяттар тұлғаның «бұрыс» дамуына негіз қалауы мүмкін?

Мектептегі оқыту көп жағдайда өмірлік мәселелермен жеткіліксіз түрде байланысқан, ол еңбекпен тәрбиелеуден ажыратылған. Нәтижесінде мектеп түлектері – дербес тәжірибелік іс-әрекетке дұрыс бейімделмеген ересек адамдар; олар өз күштерін қандай да бір пайдалы қоғамдық іске қолдануға жарамсыз. Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тәрбиелеудің жаңа жүйесінің үздіксіз жұмысын ретке келтірген жөн. Жасөспірімдерге ауыр емес, лайықты ақы төленетін еңбекке қатысуға мүмкіндік беру керек. Алайда, дербес және қоғамдық мүдделер үйлесімді қиысатын еңбек қана тәрбилеуші бола алатынын ескеру керек. Мектеп жоғары білім алуға психологиялық дайындықты іске асырады, бірақ оны бәрі де ала бермейді. Бірақ мектепті бітірген соң түлектер өндірістік еңбекпен де шұғылдана алмайды немесе шұғылданғысы келмейді. Осы жағдайды көпшілік ауыр қабылдайды. Осы жерде жүріс-тұрыстағы ауытқулар мен өзгерістер пайда бола бастайды, бұрыс әрекеттер атқарылады. Мұнымен қоса, мектеп оқушыларды абыройлы және жоғары ақы төленетін лауазымдарға бағдарлайды. Бірақ бірқатар себептер бойынша кез келген жасөспірім ол лауазымдарды иелене бермейді. Жасөспірімнің психологиялық қанағаттанбаушылығы педагогикалық кедергіге ұшырауы мүмкін.

Криминологиялық зерттеулерге жүргізілген талдау жасөспірім мектепті неғұрлым ерте тастаса, оның қылмыстық жолға түсу мүмкіндігі соғұрлым көп екенін көрсетеді. Мектептен шығару, оқуды мерзімінен бұрын тоқтату жасөспірімді мектеп ұжымы тарапынан тәрбиелік әсер етуден арылтуы мүмкін. Жасөспірімде педагогтарға және жалпы мектепке қарсы ашу-ыза қалыптасады, ол ештеңе істемейді, көшеде «қаңғырады», күдікті адамдармен араласады және т.б. Қазіргі кезде ата-аналардың балаларын тәрбиелеуге бөлетін уақыты күрт қысқарды. Бұл ең алдымен қазіргі экономикалық жағдайға байланысты.

Қосымша білім беру ұйымы педагогтарының міндетіне мыналар енеді:

– жасөспірімдер ортасында салауатты өмір салтын насихаттау;

- жасөспірімнің ата-анасымен оны тәрбиелеуде ынтымақтасу;
- жайсыз отбасыларды анықтап, кейін мұқтаж жасөспірімдерге және отбасыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру;
- бірлескен жұмысқа әлеуметтік тәуекел отбасыларымен, жайсыз отбасылармен ынтымақтаса жұмыс істейтін барлық тиісті органдарды тарту;
- психологтармен және балалардың ата-аналарымен тығыз өзара іс-әрекетте болу;
- мектептің ата-аналармен тығыз өзара іс-әрекеті негізінде жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, балалар мен олардың ата-аналарының бірлескен конкурстарын ұйымдастыру.

«Қиын» балалар немесе девиантты жүріс-тұрысы бар балалар ерекше санатты құрайды, олардың бос уақытын ұйымдастыру мектеп жұмысының, атап айтқанда педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлер жұмысының ең басты құрамдас бөлігі болып табылады. Девиантты жүріс-тұрысы бар жасөспірімдердің қажеттіліктерін және қызығушылықтарын зерттеу мәселені шешуде негізгі рөлді атқаруға қабілетті. Теріс әлеуметтік микрортаның – отбасының және мектептің жайсыздық жағдайы жасөспірім тұлғасының деморализациясына, кейін криминализациялану үрдісіне септеседі. Осы теріс микроортаның қаншалық әлеуметтік сауықтырылуы кәмелетке толмағандар құқықбұзушылықтарын алдын алудың тиімділігіне әсер етеді. Жасөспірімді табысты әлеуметтендіру тек педагогтар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеті жағдайында ғана мүмкін болады.

Қосымша білім беруді ұйымдастыру – тәрбие жұмысының орталығы іспетті. Олар салауатты өмір салтын үйретуге қауқарлы, жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы деңгейіне әсер ете алады. Мұнымен қоса, бала отбасына еркін қолжетімділігі бар аздаған қоғамдық институттардың бірі болып табылады, бұл «қиын» жасөспірімдермен жұмыста жағдайды бақылауды және кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтарды алдын алуды іске асыру үшін маңызды.

Жасөспірімдерді құқықтық ағарту және тәрбиелеу – құқықбұзушылықтарды алдын алудың маңызды бағыты. Жасөспірімге дейін құқықтық ақпаратты барынша түсінікті, бала психологиясын есепке ала отырып жеткізу бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс. Шешуші мәнге ие:

- сапалы тәрбие беруді қамтамасыз ету үшін білікті педагогтарды дайындау;
- жасөспірімдерді құқық қорғау органдары өкілдерінің, заңгерлердің және психологтардың белсенді қатысуымен тәрбиелеу.

Бос уақыт жасөспірімнің қанағаттанбаушылығын өтеуі мүмкін. Егер оқуда табыс болмаса, беделді еңбекпен айналысуға мүмкіндік болмаса, онда жасөспірім әлбетте қанағаттанушылықты құрдастарымен

қарым-қатынастан іздейтін болады, бірақ үнемі қажетті тәсілдермен емес. Жасөспірім үшін оқу мен жұмыс – өз маңыздылығын түсіну саласы. Осы жерде онда көптеген қиындықтар пайда болады, оларды еңсеру үшін оған күш жұмсау қажет. Жасөспірімнің ішкі жағдайы еңбек пен оқудағы



табысқа тікелей байланысты, олар өзіндік толыққандылықты сезіну үшін өте маңызды. Сондықтан кәмелетке толмағандарды іс-әрекеттің қоғамдық пайдалы түрлеріне тарту маңызды алдын алу шарасы болып табылады.

Қазіргі қоғам өмірі, оның берекесі өскелең ұрпақты табысты әлеуметтендіруге, оның адамгершілік даму деңгейіне тікелей байланысты.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың отбасымен тығыз ынтымақтастығы және өзара іс-әрекеті тұлғаны табысты әлеуметтендірудің кепілі болып табылатыны ешкімде де күмән туғызбайды. Осы ретте отбасы саясаты әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі болып танылады.

Еліміздің негізгі Заңында – Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларды қорғау және оларға тәрбие беру ата-ананың табиғи құқығы және міндеті болып табылады» деп жазылған.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, отбасы мен педагогтардың ынтымақтастығы барынша өзекті әрі қажетті болып барады. Педагогтар бүгінде ата-аналар өз балаларына тиісті назар аудармайтынына алаңдаулы, ата-аналар мектепте немесе балабақшада балаға өздері күткен тиісті білім мен жұрыс-тұрыс дағдыларын үйретпейді деп алаңдайды.

Сондықтан бүгінде көптеген педагогикалық ұжымдарда ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-әрекеттесудің нүктелері, жұмыс түрлері нақты анықталған.

Қазіргі заманғы қоғамды балаларға қосымша білім беру ұйымдары атап айтқанда – отбасымен диалогқа және кең әлеуметтік өзара іс-әрекетке талпынған барынша ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйеге айналууда.

Айталық, Өскемен қаласындағы Оқушылар шығармашылық сарайындағы (ары қарай – ОШС) тәрбие беру жүйесін дамытудың бір міндеті қоғамдағы отбасы дәрежесін көтеру, отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы өмірінің, ана болудың, әке болудың тартымды бейнесін жасау, отбасы дәстүрлерін нығайту болап табылады. Бүгінде

отбасы тәрбиесінің басымдығын мойындау білім беру мекемелерінің және отбасының қарым-қатынас сипатына және сапасына, ата-аналармен өзара жұмыс істейтін мамандардың кәсіби дайындық деңгейіне жаңа талаптар қоюда. Қарым-қатынастар ынтымақтастыққа, өзара шығармашылыққа, өзара көмекке және сенімге негізделуі тиіс. Педагогтар мен ата-аналар күш біріктірген жағдайда балаға үйде де, ОШС-да да лайықты қорғаныш, эмоционалды жайлылық, қызықты әрі мазмұнды өмір қамтамасыз етіледі. Сондықтан бүгінде ОШС-да отбасымен өзара іс-әрекеттің жаңа модельдері әзірленіп, іске асырылуда, олар көрермендер мен пікір білдірушілердің ғана емес, ата-аналардың белсенді рөлін қарастырады.

Сүйемелдеудің интерактив үлгісін жүргізу әдістемелері

(Өскемен қ. оқушылар шығармашылық сарайының жұмыс тәжірибесінен)

1. Ата-аналардың жаппай оқуын ұйымдастыру (іскерлік ойын)

Ойынды жүргізу білім беру мекемесіне (БМ) тән отбасылық тәрбие мәселелерін зерттеу және талдау жүргізуге жол ашады (ПМС бақылау негізінде: сауалнама жүргізу, сұрақтар қою, әңгімелесулер, пікір айту және т.б). Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұжымды екі командаға бөлген дұрыс.

Құралдар: қағаз бен қалам.

Шағын топтағы жұмыс:

1. Жеке жұмыс (1-2 минут).

«Бұл жастағы балалардың ата-аналары нені білмейді, нені міндетті түрде білуі керек?» деген сұраққа жазбаша жауап беріңіз. Ойланыңыз, бағанға жазыңыз.

2. Жалпы тізімді жасау және топтық талқылау (3-5 минут).

3. Командалық жұмысты таныстыру және жалпытоптық жауаптар тізімін жасау.

4. «Бұл жастағы балалардың ата-аналары не істей алмайды, нені міндетті түрде істей алуы керек?» деген сұрақ бойынша жұмыс.

5. Сонымен ата-аналардың жаппай оқытуы аясында теориялық және іс-тәжірибелік сабақтардың жоспары болып жұмыстың қорытындысы табылды.

6. Әр жастағы топтардың арасынан мүмкіндігінше маңызды бес тақырыптың біреуін алыңыз, одан кейін басқа тізімнен, астын сызыңыз (2-3 минут).

7. Дәрістік және іс-тәжірибелік сабақтардың тақырыптарын өзара бөлісіп алыңыздар (соқыр таңдау арқылы да болады) (3-5 минут). Егер

тақырыптар саны топ мүшелерінен көп болса, қалған тақырыптар соқыр таңдау арқылы бөлінеді. Егер аз болса, күрделі тақырыптар қайталанып беріледі.

8. Сіз дайындайтын сабақтың тақырыбын ата-аналардың қызығушылығын туғызатындай етіп құрастырыңыз (жеке жұмыс 2-5 минут).

9. Тақырыптарды талқылаңыз және алдағы уақытта жазылатын тақырыптардың жалпы тізімін жасаңыз (5 минут).

10. Жауапты адамдарды көрсете отырып жаппай оқытудың шамаланған кестесін құрастырыңыз.

11. Таяуда болатын ата-аналар жиналысында ата-аналарды жаппай оқыту ұйымы, оның мақсат-міндеттері, күтілетін нәтижелері туралы хабардар етіңіз. Олар үшін әлдеқайда маңызды тақырыптар мен өздерінің ұсыныстарын айтуды ұсыныңыз.

12. Ата-аналарды құлақтандыру жүйесін, «Жаппай оқыту» жарнамасын, «Жаппай оқытуға» қосымша тарту шаралар жүйесін ойластырыңыз, ата-аналардың өткізілген сабақтарға қанағаттанғанын білдіретін кері байланысқа қол жеткізіңіз.

13. Әр жас баспалдағы үшін бірнеше тақырып бойынша сабақ өткізуге ата-аналарды тарту мүмкіндігін ойлаңыз.

Ескерту: Әдістеменің жағымды және жағымсыз сипаттары болады. Жағымды сипатына – ойлау мен мәнін түсінудің терең деңгейін, ата-аналардың да, педагогтардың да психологтік-педагогикалық құзыретін арттыруға және өзіндік талдау жасауға итермелеуді жатқызуға болады. Ал жағымсыз сипаты – азғана уақыт ішінде рәсім бойынша бел шешіп кірісе алмайсыз (Алайда мұндай маңызды істе асығыстық танытудың жөні бар ма? «Асыққан сайтанның ісі» демей ме»).

2. Балаға дұрыс тәрбие берудегі отбасылық тәжірибе эстафетасы (іскерлік ойын)

Мақсаты:

1. Табысты отбасылық тәрбиенің қызықты тәжірибесін тауып алып, ұсыну.

2. Ұжымдық шығармашылықтың машықтары мен қарым-қатынас ережелерін меңгеру.

I кезең: «Отбасылық тәрбие берудегі менің жеке тәжірибем». Ата-аналар өздеріне таратылып берілген сауалнама парақшаларын толтырады, толтырылған парақшаларды өзара алмастырады, содан кейін нақты бір мәселеге байланысты кімнің шешімі басқалардан гөрі

ерекше екендігі және ол тәжірибе топта қалай көрсетілетіні талқыланады.

II кезең: «Нұсқа» — отбасылық тәрбие беру тәжірибесін қорғау және талдау.

Ойынды жүргізу алгоритмі

1. Өзінің жеке тәжірибесінің мәнін түсіну бойынша жеке жұмыс және сауалнама-парақшасын толтыру.

2. Жұптасып жұмыс істеу. Әріптестің сауалнамасымен танысу, талқылау.

3. 6 адамнан тұратын топтарда жұмыс істеу. Шиеленісті жағдайларда әлдеқайда қызықты шешімдерді анықтау. Ең үздік шешімді қорғауға дайындалу.

4. Шешімдерді қорғау және оларға «сарапшылар» тобының берген бағасы.

Ата-аналарға арналған «Отбасылық тәрбие берудегі біздің тәжірибеміз» парақша-сауалнамасы

1. Тегі, аты, ерлі-зайыптылар әкелерінің аты.

2. Үйінің мекен жайы.

3. Айырықша кең тараған, нақты бір шиеленісті оқиғаға қысқаша сипаттама беру. Қысқаша сипаттамадан кейін ата-аналарға: «Мұндай мәселені сіздер қалай шешесіздер?» деген сауал қойылады.

4. Өзіңіздің шешіміңіз туралы қандай үлгіде айтқыңыз келеді (лайықты нұсқаның астын сызыңыз): педагогпен көзбе-көз сөйлесу; ата-аналар газетінде мақала жариялау; ата-аналардың алдында айту?

3. «Отбасы архитектуроникасы» (іскерлік ойын)

Мақсаты:

1. Серіктестік машықтарын қалыптастыру. Ата-аналардың психолог-педагогикалық дайындығының жалпы деңгейін анықтау және олардың отбасылық тәрбие мәселелерін түсіну.

Рөлдерді тарату:

1. Спикер – топтағы мәселелерді талқылауды жүргізеді.

2. Хатшы – мәселелерді, нұсқаларды жазып отырады.

3. Хронометрші – тақырыптың, кезеңнің, уақыттың сақталуын қамтамасыз етеді.

4. Психолог-диагност – тесттілеу жүргізеді, нәтижелерді сараптайды.

5. Сарапшы – топтың жұмысын бағалайды.

Ойынды жүргізу алгоритмі

I кезең. «Сіздің баламен қарым-қатынасыңыз қандай?» деген тақырыпта тестпен жеке жұмыс істеу.

II кезең. Отбасылық қарым-қатынастан өсиет қалдыру.

III кезең. Өсиетті қорғау.

IV этап. Қорытынды шығару

4. «Сіз қандай ата-анасыз?» тесті (Ойынның I кезеңінде жүргізіледі)

Бұл сұраққа кімнің жауап алғысы келмейді! Сондықтан да біз сіздерге тест-ойынды ұсынып отырмыз. Балалармен қарым-қатынаста жиі қолданатын сөйлемдерді белгілеңіз.

	Сұрақтар	Баллдар
1	Саған қанша рет қайталап айту керек?	2
2	Маған кеңес беріңізші, өтінемін...	0
3	Сен болмасаң не істейтін едім, білмеймін...	1
4	Кімге тартқан ұсқынсыз едің?!	2
5	Сенің достарың қандай тамаша!	1
6	Сен осы кімге тартқаның (а)?	2
7	Сендей кезімде мен!..	2
8	Сен менің тірегімсің және көмекшімсің...	1
9	Сенің достарың қандай өзі?	2
10	Не ойлап жүресің сен?!	2
11	Ақылдым менің!	1
12	Ал сен қалай ойлайсың ұлым (қызым)?	1
13	Басқалардың баласы бала да, ал сен болсаң...	0
14	Менің балам қандай тапқыр!	1

Баллдардың жалпы санын есептеңіз. (Әрине, біздің бұл ойын нақты істің тек тұспалы ғана екенін сіз түсінесіз. Өйткені сіздің қандай ата-ана екеніңізді өзіңізден артық ешкім білмейді).

Егер сіз **5-6 балл** жинасаңыз – сіз балаңызбен өте жақын қарым-қатынаста өмір сүресіз. Ол Сізді шынайы жақсы көреді және сыйлайды; сіздің қарым-қатынасыңыз тұлғаның қалыптасуына көмектеседі.

7-ден 8 баллға дейін – Сіздің баламен арадағы қарым-қатынасыңызда қиындықтар байқалады, оның мәселелерін түсінбеу, баланың дамуындағы кемшіліктерді өзіне артуға тырысушылық.

9-дан 10 баллға дейін – Сіз баламен қарым-қатынаста тиянақсызсыз. Ол Сізді сыйлайды, бірақ әрқашан сізбен ашылып

сөйлеспейді. Оның дамуы кездейсоқ жағдайлардың ықпалына ұшыраған.

5. «Вариант» (іскерлік ойын)

Ойынның мақсаты: тәрбиелеу жағдайын психологтік-педагогикалық талдау

Ойыншылар өздерінің нөмірлеріне қарай үстелге отырады. Төрт ойыншы, жеке көшбасшы мен үш «қорғаушы».

Ойын үш кезеңге бөлінген; ойын барасында қатысушылар орындарымен ауысады. Көшбасшының міндеті ойынды әрбір «қорғаушы» өзінің ұстанымын баяндауға және дәлелдеуге мүмкіндік алатындай жағдайда жүргізу. Ойын аяқталған соң көшбасшы «қорғаушылардың» сөздерін бағалайды; «қорғаушылар» арнайы баспабетпен танысу арқылы көшбасшының әрекетін бағалайды; «қорғаушылар» бірін-бірі бағалайды. Сөйтіп, әрбір қатысушы үш мәрте «қорғаушының» және бір мәрте көшбасшының рөлін ойнайды.

Ойын барысында оның қатысушылары жағдаймен танысып және оны шешудің үш нұсқасын ұсынады. «Туған» командамен пікір алмасуға 10 минут уақыт беріледі. Әрбір қатысушының басты міндеті – «қорғаушының» немесе «сыншының» рөлінде ойнау арқылы мейілінше көп балл алу.

«Қорғаушыларды» бағалау парағы

№: команда

Сіз «Вариант» ойынының қатысушысысыз. Сіздің үстеліңіздің арғы жағында жағдайды талқылауға қатысатын ойыншылар. Әрқайсысының жұмысын ойыншының тегі жазылған тұсқа дұрыс деп есептеген баллды қою арқылы бағалаңыз.

- 1.
- 2.

Көшбасшының бағалау парағы

№ команда

Сіз «Вариант» ойынының қатысушысысыз. Сізде көшбасшы бар, ол сізді тақырыппен қызықтырып, әңгімені дұрыс арнаға бұруға тиіс. Оның жұмысын бағалаңыз: 5 10 15 20 25 30 35 40 45 50. Қажетті деп тапқан баллдың асты сызылады.

Қарым-қатынас үшін жағдай

1. Сіздің қызыңыз үндемейтін және тұйық болып жүр. Сіз онымен ашық әңгімелесе алмай жүрсіз. Сөйте тұра қызыңыз өзінде бәрі жақсы деп есептейді. Не істеу керек?

2. Үйіңізде балаңыздың достары жиналды. Мерекелік тәтті-дәмдіден басқа олардың уақытын тиімді өткізуді қалай ұйымдастыру керек?

3. Сізге балаңызға көмектесу керек, бірақ ол қызықты іспен айналысып жатыр. Не істеу керек?

4. Бала көшеде немесе қонақта өзін дұрыс ұстамайды. Ата-аналарға не істеу керек?

5. Бала өзіне сенімді емес, тақтада тұрып жауап берген кезде қатты уайымдап, қобалжиды, ұжымдық істерге қатысады және кұрбыларымен сөйлеседі. Балаға қалай көмектесу керек?

Әрине, егер талқыланатын жағдайды ата-аналар өздерімен бірге «ала келсе» тіпті пайдалы болады, себебі кез келген отбасында күрделі жағдайлар кездесіп тұрады.

Іс-тәжірибелік жұмыстар отбасылық тәрбие тәжірибесін таратудың өзіндік үлгісі болып табылады. Адамдармен жүргізілген кез келген жұмыс шығармашылық сипатқа ие. Баланың айтқан бір ауыз сөзі де, газет бетіндегі айдар да, әріптес-педагогтардың ұсыныстары да ойға жетелейді. Тек соны ары қарай өрістетіп әкету үшін педагогикалық шығармашылық қабілетті дамыту керек.

6. «Барлық жұмыс жақсы, қалағаныңды таңда»

(ата-аналар мен балалардың бірлескен семинары)

Мақсаты: оқушыларды мамандықтар әлемінде бағдарлау деңгейін көтеру.

Дайындық кезеңі

Жиын өткізбей тұрып оқушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша тест (әдістеме ДДО Е. А. Климова, «Тұлға түрі» Дж. Холланда және т.б.) өткізу қажет. Педагог тестті талдайды және оқушылардан сауалнама алу нәтижелері туралы жазба дайындайды.

Негізгі кезең

Қазақстандағы іс жүзіндегі кәсіби бағдарлаудың заманауи жағдайында тек оның ауқымын кеңейту ғана емес, сонымен қоса кәсіби және жеке өзіндік анықтауда көмек көрсетудің сапалы деңгейіне көтеру мәселесін шешу қажеттігі байқалады. Бұл тек әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес, қоғамның рухани саласында да түсініксіз жағдайлармен байланысты болып келеді.

Дәл осындай жағдайларда қазіргі жеткіншектерге өз еркімен анықтауға, сондай-ақ, олардың ата-аналары мен педагогтарға және психологтарға өз еріктерімен анықтауларына тура келеді.

Елдің даму болашағы (басқа әлемнің де) бұлыңғыр болып тұрған жағдайда көпшілігі өзінің болашағын жеке және кәсіби дамуы тұрғысынан жүйелейтін болады.

Оқушылардан алынған тестілердің нәтижелерімен танысу және нәтижелерді талқылау.

Ата-аналар мен оқушылар байқауларға қатысатын командаларды құрады. Беделді қазылар алқасы құрылады.

7. Командаларға арналған іс-тәжірибелік тапсырмалар

«Әріпті мамандық» жаттығуы

Қазір қандай да бір әріп аталады. Сендердің міндеттерің – осы әріптен басталатын қанша мамандықты білетіндеріңді көрсету, яғни, мамандықтар әлемін қаншалықты білетіндеріңді анықтау. Әрбір команда аталған әріптен басталатын бір мамандықтан айтып отырады.

Педагог алғашқы әріпті атайды, командалар кезекпен мамандықтарды атайды. Егер түсініксіз мамандық аталатын болса, мұғалім бұл жерде не туралы айтылғанын түсіндіріп беруді сұрайды. Сол кезде команда оны түсіндіріп бере алмаса, аталған мамандық есепке алынбайды да, кезек келесі командаға өтеді. Лажы болса 4-5 әріптен артық ұсынбаған дұрыс, өйткені тапсырма қызықсыз болып кетеді. Аталған жаттығуды бастаған кезде мамандықтарды оңай атауға болатын жеңіл әріптерден бастаған абзал. Мысалы: (*м, н, о...*) сияқты жеңіл әріптерден бастап ары қарай (*ч, ц, я...*) деген күрделісіне ауысуға болады

«Кинокомедия» бауқауы

Педагог бірнеше (4-5) кинокомедияның атауын тізіп айтып шығады және командаларға осы фильмдерде кездесетін мамандықтарды атап беруді сұрайды. Әрбір командаға ойлануға 2-3 минут уақыт беріледі. Ұсынылатын нұсқалар:

- «Гауһар қол»;
- «Кавказ тұтқыны»
- «Иван Васильевич мамандығын ауыстырады»;
- «Үйде жалғыз».

«Мамандықты тап» жаттығуы

Әрбір командаға ақ парақтар таратып беріледі. Ол парақтарда қандай да бір мамандықты сипаттайтын бірнеше сын есемдер жазылады. Ары қарай командалар ол қандай мамандық екенін табуы

және басқасын парақта жазылған сөздерді қолданбай түсіндіруі керек. Тапсырманы орындауға 5 минут уақыт беріледі.

«Пантомима» жаттығуы

Әрбір команда қандай да бір мамандықтың ерекшеліктерін сипаттап көрсетуге тапсырма алады. Ойлануға 3-5 минут уақыт беріледі. Барлығы дайын болған кезде командалар бірінен соң бірі кезекпен көрсете бастайды. Айтатын команда сұрайды: «Сіздерге жұмысшылар керек пе?». Жауап ретінде қарсы сауал қойылады: «Ал сіз не істей аласыз?». Айтатын команданың қатысушылары өздері ойлаған дүниелерін сипаттап көрсете бастайды: сол мамандық иелері орындайтын іс-әрекеттерді көрсетеді. Қалғандары оның шешімін атады.

8. «Отбасындағы көңіл-күй»

(ата-аналармен жұмысты психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу)

Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру отбасылық тәрбиені жетілдіруге септеседі, тәрбиелік отбасылық ортаға әсер етеді, ата-аналар іс-әрекетіне саналылық енгізеді, педагогикалық қауымдастық өкілдеріне деген оң қарым-қатынас деңгейін көтереді, оң отбасылық тәжірибені ашады.

Жыл сайын оқу жылының басында оқушылардың отбасы зерттеледі. Жыл бойы әрбір балаға тиімді амал-тәсілді ұйымдастыру үшін оқушылар тұлғасының мінездік ерекшеліктеріне диагностика, оқушылардың қабілеттеріне, өзін-өзі бағалауларына, табысқа деген уәждемелеріне, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттеріне, оқушылардың және педагогтардың шығармашылық әлеуеттеріне диагностика жүргізіледі.

Отбасы туралы ақпарат жедел педагогикалық міндеттерді шешу үшін қажет: отбасының білім беру қажеттіліктеріне адекватты нақты мақсат қою үшін; тәрбиеленушілер тұлғасы даму сценарийінің қайнар көздері мен себептерін түсіну, бала-ата-ана қарым-қатынастарын нығайту, ата-аналармен өзара іс-әрекеттің жеке тактикасын әзірлеу үшін. Оқу жылы аяғындағы екінші диагностика жыл бойы жүргізілген жұмыстың тиімділігін анықтауға көмектеседі.

Жыл сайын мамырда балалардың, ата-аналардың және педагогтардың студиялардың, балалар бірлестіктерінің жұмысына қанағаттанушылығы бақыланады, қоғамның Шығармашылық сарайының білім беру қызметтеріне деген сұранысы зерттеледі. «Педагогтардың білім беру мекемесі қызметіне қанағаттанушылықтарын зерттеу», «Ата-аналардың мектеп өміріне деген қанағаттанушылықтарын зерттеу» (А.А. Андрееваның әдістемесі)

және т.б. мониторингтік зерттеулер нәтижелерінің сараптамасы мекемедегі білім беру үрдісін түзетуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық сарайындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үрдісін мына формула түрінде келтіруге болады:

$$\text{АЖППС} = \text{ПАжА} + (\text{Д1} + \text{К} + \text{КД} + \text{Д2}) + \text{СТ}, \text{ мұнда}$$

АЖППС – ата-аналармен жұмысты психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;

ППиП – психологиялық ағарту және алдын алу;

Д1 – бастапқы диагностика;

К – кеңес беру (балалар, педагогтар және ата-аналар үшін) жеке, топтық, отбасылық және «ата-ана + бала» формуласы бойынша болуы мүмкін.

КД – топтық және жеке түрде оқушылармен және ата-аналармен коррекциялық-дамытушылық жұмыс.

Д2 – екінші диагностика;

СТ – сараптамалық-талдау қызметі.

Психологиялық ағарту және алдын алу бойынша жұмыста іс-әрекеттің екі түрі бар:

- танымдық (балаларды жұмыстың жеке және топтық түрлері арқылы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білімдермен байыту); (1 қосымша)

- көрнекі-ақпараттық (кез келген ақпаратты қолжетімді түрде жеткізу, мысалы ақпараттық стендтер, ата-аналарға арналған библиотечканы, әдістемелік өнімдерді және т.б. қолдана отырып ата-аналық міндеттер мен жауапкершілік туралы бипазды ескерту мүмкіндігі).

Ақпараттық өрісте бірнеше ағын бар. Бұл ақпараттандыру:

- жекелеген педагогтар мен ата-аналарды
- педагогтар және ата-аналар топтарын
- барлық педагогтар мен ата-аналарды

Педагогтарды психологиялық ағарту мына орындарда іске асырылады:

- педагогикалық кеңестерде;
- әдістемелік бірлестіктерде;
- семинар-практикумдарда;
- топтық тақырыптық консультацияларда;
- жас педагог мектебінде.

Педагогтар үшін бірдеңені («Егер бала агрессивті болса», «Егер бала отбасында жалғыз болса», «Балаға уақытты дұрыс қолдануға қалай үйретуге болады») дамытуға немесе түзетуге бағытталған ойындар жинағы, стендтік консультациялар, жадынамалар, буклеттер, қалта кітапшалары және т.б. шығарылады.

Ата-аналарды психологиялық ағартудың түрлі әдістерінің сан алуан үйлесім нұсқалары қолданылады:

- ақпараттық (ақпарат дайын күйінде ұсынылады);
- іздеушілік (ата-аналарды алға қойылған сауалдарға жауаптар іздеуге енгізу);
- пікірталастық (психологиялық мәселелерді шешудің жолдарын талқылау және дұрыс жауапты ұжымдаса іздеу);
- өзара ағарту (ата-аналар арасында тәжірибемен және әдебиеттермен алмасу және т.б.).

9. «Отбасылық кеңес»

(Сарай қызметін балалар мен ата-аналардың басқаруы)

Отбасының және Шығармашылық сарайының өзара іс-әрекеті ата-аналардың оқу-тәрбие үрдісіне белсенді атсалысуына, түрлі қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тартуға, Сарайдың материалдық-техникалық базасын нығайтуға және оқу-тәрбие үрдісінің жағдайына сараптама жасауға нақты көмек көрсетуге, қолданыстағы заңнаманың, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының құқықтарының, білім берудің сапасының және жағдайларының сақталуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге, сонымен қатар қаржылық және материалдық ресурстарды қолдануға бағытталған.

Жұмыс түрлері:

- Балалар бірлестіктері мен бөлімдерінің ата-аналар комитеті
- «Отбасы және тәрбиелеудегі серіктес педагогтар», «Балалардың мамандық таңдаудағы бейімдері мен қызығушылықтары» және т.б. ата-аналар жиналыстары.
- Қамқоршылық кеңес

10. «Жалғыздықсыз үй»

(дамуында ерекшелігі бар балаларға ие отбасыларды қолдау)

Көп жағдайда отбасылар өз мәселелерімен жеке-дара қалып жатады. Ата-аналар өз қайғыларымен тұйықталып, теріс қарым-қатынасын бүкіл қоғамға бағыттайды. Амбивалентті жағдайлар жиі туындайды: бала туралы айту тілегі және түсінбеушілікке, бейжайлыққа тап болу қорқынышы. Және осы жағдайларда психологиялық, әлеуметтік оңалту бірінші кезекте ата-аналарға, содан соң балаларға қажет. Осының бәрі басты идеясын оның атауында тұрған аталмыш бағыттың дамуына әкелді.

Жұмыс түрлері:

- отбасылық клуб;

- оңалту тренингтері;
- әлеуметтік қорғау органдарымен бірлескен іс-әрекет;
- түрлі бейіндегі мамандар шақырылған дөңгелек үстелдер;
- конференциялар;
- «Ертегілері бар сыйқырлы сандық» мерекесі;
- шығармашылық шеберханалар;
- экскурсиялар.

11.«Отбасылық қуаныштар» (отбасылық бос уақытты ұйымдастыру)

Бұл іс-әрекет бағыты ата-аналарға баланың қызығушылықтарына тартылуға, бірлескен отбасылық бос уақытты ұйымдастыруға көмектеседі. Ата-аналар мен балалар бір-бірлерінің қызығушылықтарымен танысады, шығармашылық бастамаларды қолдайды және осылайша таңдап алынған іс-әрекет бағытында шеберлікке жетуде өз мүмкіндіктерін молайта түседі. Сарайдың басым бағыттары салауатты өмір салтына тарту, шығармашылық қабілеттерді дамыту, бос уақыт іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады.

Жұмыс түрлері:

- ашық есік күндері;
- шығармашылық шеберханалар;
- клубтық күндер («Отбасы дәстүрлерінің балаларды тәриелеудегі рөлі» отбасылық мерекелер мектебі)
- «По секрету всему свету» әңгімелесу сағаттары
- пішу және тігу курстары, сән театры;
- аэробика және іш биі секциялары;
- демалыс күнгі отбасылық серуендер;
- бірмезетті ойын сеанстары.

12. «Отбасы дарындылармен бай» (отбасылық шығармашылық)

Ұжым педагогтарының осы бағыт бойынша іс-әрекеті балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын үйлестіруге көмектеседі, отбасының барлық мүшелерінің жасырын дарындарын ашуға септеседі. Ата-аналар тек жанкүйерлер мен бақылаушыларға ғана емес, сондай-ақ білім беру үрдісінің белсенді қатысушыларына айналады.

Жұмыс түрлері:

- бірлескен шығармашылық жобалар («Әжелер отырыстары»)

- «Отбасымыздағы дәстүрлер» қызығушылықтар бойынша отбасылық клубтық күні;
- отбасылық шығармашылық фестивалі;
- орыс халық салт-дәстүрлеріне негізделген «Бірде, Шоқынұ кешінде» атты отбасылық клубтық күні»;
- табыс күндері;
- денсаулық күндері;
- «Бүкіл отбасымен демаламыз» демалыс күні серуені;
- бірлескен дәстүрлі іс-шаралар («Әкелердің қолынан бәрі келеді, бәрі де», «Анадан артық ешкім жоқ» және т.б.);
- «Анам екеуміз өз үйімізді безендіреміз» шығармашылық жұмыстар көрмелері; «Отбасы қазыналарының аралы» отбасы жұмыстарының көрмесі;
- шеберлік сыныптары (әкелер мен балаларға арналған шеберхана (анаға 8 наурызға сыйлық), жаңажылдық тосынсыйлар және т.б.);
- тақырыптық іс-шаралар (2 қосымша);
- отбасылық конкурстар («Отбасы альбомына көз салыңыз», «Отбасылық табыс эстафетасы» портфолио конкурсы және т.б.);
- «Өз жұлдызыңды жақ» шығармашылық бірлестіктер балаларының қорытынды концерті.

Ата-аналармен кері байланыс ата-аналар жиналыстары, ашық сабақтар, интернет-әңгімелесу, Сарай бірлестіктерінің шығармашылық есептері, іс-әрекетті қалалық БАҚ-та жариялау арқылы іске асырылады.

Бағдарламаның іске асырылуын үйлестіру және бақылау Шығармашылық сарайы әкімшілігімен, бөлімдердің ата-аналар комитеттерімен, Басқарушы кеңеспен іске асырылады, олар бағдарламаның іске асырылуы бойынша жоспардың орындалу барысын талдайды, өзгерістер енгізеді, бағдарламаның іске асырылуына ұйымдастырушылық, ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде тәрбиеленушілердің ата-аналарында психологиялық-педагогикалық мәдениетті арттыруға деген қызығушылық арта түсті. Айталық, 2014 жылы ата-аналардың бастамасы бойынша ата-аналарға арналған «Бақытты балалар – бақытты ата-аналар» мектебі құрылды, онда жұмыс ата-аналармен келісілген жоспар бойынша барынша терең жүргізіледі, мекеме сайтында ата-аналарға арналған парақша пайда болды, сол жерде кез келген толғандырған сұрақ бойынша Интернет-кеңес алуға болады.

Өткен 2013-2014 оқу жылының соңындағы дәстүрлі ата-аналардан алынған сауалнама балалар мен ата-аналар қарым-қатынасының жақсарғанын және білім беру үрдісінің сапасына және

балалар мен ата-аналардың Сарайда болу жағдайларына деген қанағаттанушылық деңгейінің артқанын көрсетті, қалалықтардың көз алдында ұйымның беделі артты, мұны 2013-2014 жылғы 2200-ден 2014-2015 жылғы 2350-ге дейін тәрбиеленушілер санының ұлғайғанынан байқауға болады.

Ал, ең бастысы, отбасының бірыңғай білім беру кеңістігіне тартылуы және ата-аналардың Сарай іс-әрекетіне белсенді қатысуы есебінен тәрбие беру кеңістігінің кеңеюі орын алды.

Шығармашылық сарайы дамуының оң қарқыны, білім беру үрдісін жаңғырту, Шығармашылық сарайы әлеуметтік тапсырысқа сәйкес ұсынатын сапасы жоғары қосымша білім беру қызметтерінің кең спектрі қала тұрғындары арасында Шығармашылық сарайының жағымды имиджін нығайтуға септеседі. Ата-аналарда (заңды өкілдерде) Сарай қызметіне деген оң қарым-қатынастың болуы педагогикалық ұжым үшін маңызды, себебі ата-аналар білім беру үрдісінің қатысушылары, қосымша білім беру қызметтерінің тапсырыс берушілері және балаларды дамытудағы және тәрбиелеудегі педагогтардың одақтастары болып табылады.

Сарай қызметінің қала тұрғындарының, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес тәрбие берудің және қосымша білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ететін ашық мемлекеттік-қоғамдық жүйе ретінде тұрақты дамуы.

Сарай тәрбие жұмысы бағыттары және балаларға қосымша білім беруді дамыту бойынша Өскемен қаласындағы білім беру ұйымдарын әдістемелік сүйемелдеу және үйлестіру бойынша қалалық тірек орталық дәрежесін алады.

Қосымша білім беруді ұйымдастыру мамандары мен оқушылар отбасыларының өзара іс-әрекет жүйесін іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары

«Түпкі мақсатты көрмейтін адам басқа жерге келгеніне таң қалады». Марк Твеннің осы сөзі біздерді оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда қателіктерден ескертеді және қазіргі білім берудің мақсаттарын нақтылауға және операциялауға мәжбүрлейді.

Қазақстан қазіргі кезде – қоғам дамуының инновациялық әлеуметтік-бағдарлы түріне көшуді мақсат етіп отырған, стратегиялық қайта құрулардың басты факторы ретінде адам капиталының дамуын санайтын ел.

Кез келген білім беру мекемесі ата-аналармен ынтымақтасудың өзіндік дербес жолын іздейді, бұл жолды қосымша білім беру ұйымының және отбасының ынтымақтастық бағдарламасын немесе

моделін әзірлеуге және енгізуге, сондай-ақ отбасымен жұмыс бойынша нақты жобаны іске асыруға сүйене отырып іздеген жеңіл болады.

Тәрбие берудегі ата-аналар мен педагогтардың өзара іс-әрекеті – бұл білім беру және тәрбие беру үрдісінің ересек қатысушыларының өзара жауапты іс-әрекеті. Өкінішке қарай, ата-аналардың барлығы да өз балаларының тәрбиесі, дамуы мәселесіне жеткілікті дәрежеде қаныға бермейді.

Сондықтан, жаңа жағдайларда отбасының, мектептің және қосымша білім беру ұйымының негізгі жалпы білім беретін бағдарламаны тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін өзара іс-әрекет формаларын іздеу ерекше өзекті бола түседі.

Тәрбие беру және білім беру үрдісінде инновациялық жобаларды қолдану – бұл қосымша білім берудегі заманауи бағаттардың бірі. Тәрбие жұмысы жүйесі алдында тұрған міндеттерді шешу іс-тәжірибеге жаңа инновациялық жобаларды енгізуге байланысты. Тәрбие берудегі инновациялар – бұлар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруге септесетін және балалар мен жасөспірімдер ортасындағы әлеуметтік емес құбылыстарды жоятын жаңа тәрбие беру құралдарына негізделген жүйелер немесе ұзақмерзімді бастамалар.

Жаңа тәрбие беру жүйесінің негізінде заманауи технологиялар жатыр. Тәрбие беру технологиялары тәрбие берудің бір құралы ретінде белгілі бір нәтижелер алуға мүмкіндік береді: оқушылардың оң әлеуметтік тәжірибесі – өзара іс-әрекеттесу, пікір алмасу, бірлескен қызмет тәжірибесі.

Заманауи қоғамның дамуы жағдайларында әлі де аз ғана педагогтар инновациялық жобалар қолданылатын ата-аналармен жұмыстың түрлі формаларын пайдаланады.

Білім беру жүйесінде қазіргі уақытта отбасының және білім беру мекемесінің өзара қарым-қатынасының жаңа модельдері әзірленуде. Олар:

- ата-аналарды педагогикалық үрдіске тарту;
- баланың бейімделуі кезеңінде ата-аналардың білім беру мекемесінде шектеусіз (уақыт бойынша) болуы;
- ата-аналарға қосымша білім беру мекемесінің ерекшеліктерімен жақын танысуға мүмкіндік беретін, оның тәрбие беру және дамыту ортасымен таныстыратын іс-шаралар жүйесі;
- баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша педагог пен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеті;
- ойын іс-әрекеті. Бірлескен ойын іс-әрекеті ата-аналарға өз баласын жаңа қырынан көруге, оған басқа көзбен қарауға, оның жанында жай ғана уақыт өткізуге жақсы мүмкіндік болып табылатыны іс жүзінде дәлелденген.
- балалар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекетінің түрлі

бағдарламалары.

Отбасының қосымша білім беру ұйымының қызметіне араласуы мыналарға негізделуі тиіс:

- қарым-қатынастың және өзара іс-әрекеттің гуманистік стиліне;
- отбасының және қосымша білім беру мекемесінің балаға және бір-бірлеріне деген сыйласымды қарым-қатынасына;
- педагогтер мен ата-аналардың психологиялық және педагогикалық деңгейін жүйелі түрде көтеруге.

Педагогикалық ұжым отбасымен өзара іс-әрекет кезінде төмендегі функцияларды орындауға міндетті:

- тәрбие беру-дамытушылық – ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне белсенді қатысу үшін тарту;
- ағартушылық - балаға оның қоғамдық және оқу дағдыларын игеру үрдісінде тиімді әсер ету әдістерін бірлесе психологиялық-педагогикалық іздестіру;
- коммуникативті – отбасы өмірін эмоциялық әсерлермен, бала мен ата-ананың өзара іс-әрекет мәдениетінің тәжірибесімен байыту;
- күзету-сауықтырушылық – тәрбиеленушілердің мазмұнды және қауіпсіз дамуы үшін жағдайлар жасау, салауатты өмір салтының дағдыларына баулу.

Үш әлеуметтік күш одағын құру – педагогтер-балалар-ата-аналар – негізгі ұстаным көмегімен іске асырылады: білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының өзара түсіністігі және өзара сыйласымдылығы.

Өзара іс-әрекеттің жетекші әдістері бола алады:

- тұлға санасын қалыптастыру әдістері (сенімдерді, көзқарастарды, идеалдарды қалыптастыру): әңгімелесулер, дәрістер, ересектердің жеке үлгі-өнегесі;
- іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері және қоғамдық жүріс-тұрысты қалыптастыру: қоғамдық пікір, тапсырма, жаттығу, тәрбиелеуші жағдайлар құру;
- жүріс-тұрысты және іс-әрекетті ынталандыру әдістері: сайыстар, ынталандыру, алғыс, жақтау;
- өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау әдістері: педагогикалық бақылау, іс-әрекет нәтижелерін талдау, психологиялық сауалнамалар;
- балалар ойлауының дербестік деңгейі бойынша әдіс (бөлшекті-іздеушілік).

Қазіргі жағдайларда ата-аналармен жұмыстың түрлі формаларын таңдауға үлкен мән беріледі:

Ата-аналар жиналысы – ата-аналармен жұмыстың негізгі формаларының бірі. Онда бірлестік тіршілігінің және ата-аналар ұжымдарының мәселелері талқыланады. Педагог ата-аналар іс-әрекетін оның дайындалу үрдісінде бағыттайды. Бұл пікірлермен, идеялармен

өзара алмасу, бірлескен іздестіру. Жиналыстардың тақырыптары әр түрлі болуы мүмкін: «Біз – бір отбасымыз»; «Мейірім мен ізгілік туралы»; «Пікір алмасуға үйренеміз», «Ұжымдағы психологиялық климат»; «Балаларды тәрбиелеудегі әкенің рөлі» және басқалар. Көптеген білім беру мекемелері қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып ата-аналар жиналыстарын өткізу формаларын айтарлықтай түрлендірді. Ол «дөңгелек үстел», ата-аналардың өздерінің мамандарды шақыру арқылы отбасы қызығушылық танытқан тақырыптық пікірталасы, мамандармен консультация және басқа формада өтуі мүмкін.

Ата-аналар дәрісханасы, «Педагогикалық білім университеті» ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, олардың отбасылық тәрбиедегі педагогикалық күзіреттіліктерін арттыруға, балаларды тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің бірыңғай амал-тәсілдерін әзірлеуге септеседі. Іс-шара тақырыбын анықтауға ата-аналар қатысады.

Балаларды тәрбиелеу тәжірибесімен алмасу бойынша тақырыптық конференциялар (барлық деңгейлерде). Мұндай форма лайықты қызығушылық туғызады, ата-аналық және педагогикалық қауымдастықтардың, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің назарын тартады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы отбасылық тәрбие беру тәжірибесінің таныстырылымдары.

Сауалдар мен жауаптар кештері психологтарды, заңгерлерді, дәрігерлерді және басқа мамандарды тарту арқылы жүргізіледі; оларға балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып ата-аналар шақырылады.

Ойталас, пікірталас – тәрбие беру мәселесі бойынша пікірмен алмасу – ата-аналар үшін педагогикалық мәдениетті арттырудың қызықты формаларының бірі. Ол ата-аналарды маңызды мәселелерді талқылауға қаптыстыруға мүмкіндік береді, жинақталған тәжірибеге сүйене отырып деректер мен құбылыстарды жан-жақты талдау іскерлігін қалыптастыруға септеседі, белсенді педагогикалық ойлауды ынталандырады. Пікірталастардың нәтижелері үлкен сеніммен қабылданады.

Ата-аналар қауымдастығының мекеме әкімшілігімен кездесулерін жыл сайын өткізіп тұрған тиімді. Педагогтар ата-аналарды жұмысты ұйымдастыруға деген талаптармен таныстырады, ата-аналардың ұсыныс-тілектерін тыңдайды. Бірлескен талқылау үрдісінде іс-әрекет бағдарламаларын, бірлескен жұмыстың келешек жоспарларын құруға болады.

Ата-аналар клубы кездесулер формасында өткізіледі және ұйымдастырушылардан арнайы дайындықты талап етеді. Клубтың

мақсаты – ата-аналарды тәрбие мәселесін талқылауға тарту. Мұндай кездесулер, пікірталастар табысының басты шарты – еріктілік және өзара мүдделестік.

Ата-аналар кештері – ата-аналар ұжымын тамаша біріктіретін жұмыс формасы. Оларды жылына 2-3 рет балаларсыз өткізеді. Ата-аналар кештері – бұл өз балаңның досының ата-анасымен қарым-қатынас мерекесі, бұл өз балаңның нәресте және сәби шағын еске алу мерекесі, бұл ата-аналарға өмірдің өзі және өз баласы қоятын сұрақтарға жауап іздеу. Ата-аналар кештерінің тақырыптары әр түрлі болуы мүмкін. Ең бастысы, олар бір-бірін, өз-өздерін, өз ішкі дауыстарын тыңдауға және естуге үйретуі тиіс. Кештердің формалары тек ұсынылған тақырыптар бойынша өз пікірлерін айтуға ғана емес, сондай-ақ басқа ата-аналардың пайымдауларынан өзі үшін пайдалы жайтты естуге, өзінің тәрбие беру ісі үшін жаңа, қызықты мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Ата-аналар тренингі – бұл баласымен өзара іс-әрекетіне және жүріс-тұрысына өзінің қарым-қатынасын өзгерткісі келетін, оны барынша ашық әрі сенімді еткісі келетін ата-аналармен жұмыстың белсенді формасы. Ата-аналар тренингтеріне қос ата-ана да қатысуы тиіс. Бұдан тренингтің тиімділігі арта түседі және нәтижелер де өздерін көп күттіртпейді. Тренинг 12-15 адамнан тұратын топпен жүргізіледі. Ата-аналар тренингі егер барлық ата-аналар оларға белсенді қатысса және тұрақты келіп жүрсе табысты болады. Тренинг нәтижелі болуы үшін ол 5-8 сабақтан тұруы тиіс. Ата-аналар тренингі әдетте психологпен жүргізіледі, ол ата-аналарға өздерін бір сәтке бала сезіну, тағы бір рет эмоционалды түрде балалар әсерлерін бастан кешіруге мүмкіндігін береді.

Ата-аналар рингтері – ата-аналар қарым-қатынасының және ата-аналар ұжымын қалыптастырудың бір пікірталастық формасы. Ата-аналар рингі педагогикалық мәселелер бойынша сұрақтарға жауаптар түрінде әзірленеді. Сұрақтарды ата-аналардың өздері тандайды. Бір сұраққа екі отбасы жауап береді. Олардың түрлі ұстанымы, түрлі пікірлері болуы мүмкін. Дәрісхананың қалған бөлігі сөзталасқа кіріспейді, тек қана отбасылардың пікірін қол шапалақтаулармен қолдайды. Ата-аналар рингтерінде сарапшылар ретінде сынып оқушылары таңдалып алынады, олар қай отбасының сұрақтарға жауап беруде дұрыс пайымға барынша жақын болғанын анықтайды.

Ынтымақтастық педагогикасында осы формаларға негізделуі тиіс. Жұмысты екі бағытта өткізу керек:

- педагог – ата-ана;
- педагог – бала – ата-ана.

Жұмысты істемес бұрын кіммен жұмыс істелінетінін түсіну керек (ата-аналардың білім деңгейі, отбасының психологиялық жағдайы,

оның микроклиматы). Яғни, жұмысты теңгерімді, ата-аналарды кіші топтарға біріктіре отырып жүргізген маңызды. Жеке амал-тәсілдерді қолданудың қажеттілігі мына жағдаяттар арқылы анықталады. Адамдардың көп санына есептелген жұмыстың дәстүрлі түрлері үнемі біз алдымызға қойған мақсатқа жете бермейді.

Ата-аналармен қарым-қатынас түрлерін таңдау кезінде мынаны есте сақтау қажет: ақылгөйліктен арылған жөн, ата-аналарды маңызды мәселелерді шешуге, ортақ дұрыс шешімдерді табуға тарту керек.

Қосымша білім беруді ұйымдастыру мен отбасылардың өзара іс-әрекеті үдерісінің мазмұндық-әдістемелік аспектілері

Оқушының ата-анасымен өзара байланысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты – баланы тәрбиелеу мен дамытуда, өсіп келе жатқан жас буынды әлеуметтендіруде, нығыз және достық ұжым құруда отбасының рөлін арттыру. Сонымен қатар, мектеп пен ата-аналар арасында бірегей педагогикалық позиция негізінде тәрбиелеу ісінде әріптестікті ұйымдастыру.

Қосымша білім берудегі педагогтың мақсаты – баланың жеке тұлғалық құндылығына, оның бірегей қасиеттеріне әр бір ата-ананың көзін жеткізу. Бала тәрбиесіне бағытталған тұлғалық қалыптасуына көмек көрсету. Мақсаттар – балалар мен ата-аналардың нақты ұжымының ерекшеліктерін ескере отырып жасалған жоспарлармен және сәйкесінше бағдарламалармен ашылады және жүзеге асырылады.

Мектеп пен отбасының өзара байланысы балалар мен ата-аналардың жеке ерекшеліктерін, отбасылық тәрбие берудің микроклиматы мен жағдайын зерделеуден басталады. Оқушының отбасын зерттеу олармен жақынырақ танысуға, отбасы өмірінің стилін түсінуге, оның рухани құндылықтарын, тәрбиелік мүмкіндіктерін, оқушының ата-анасымен өзара байланысын білуге мүмкіндік береді. Мұнымен қатар, психологиялық-педагогикалық диагностиканың дәстүрлі тәсілдерінің кешені қолданылады: бақылау, әңгімелесу, тестілеу, сауалнама жүргізу, іскер ойындар, балалар шығармашылығының материалдары және т.б.

Отбасыны зерттеу – педагогтан отбасының әр мүшесіне құрмет көрсетуді, шынайылықты, бала тәрбиесінде көмек көрсетуге ниеттілікті талап ететін өте нәзік шаруа. Келесі ережелерді сақтаған маңызды:

Ата-аналар мен балалар өздерін зерттеу нысаны ретінде сезінбеулері қажет.

Зерттеу мақсатты, жоспарлы және жүйелі болуы тиіс.

Зерттеу тәсілі тәрбие беру тәсілімен өзара байланысты болуы шарт.

Психологиялық-педагогикалық тәсілдер кешенде әр түрлі қолданылғаны жөн.

Өзара байланыстың ұжымдық, топтық және жекелік формасы мақсатты үйлесімділік. Ата-аналармен өзара байланысты ұйымдастыру тәжірибесінде ата-аналармен жұмыстың бұқаралық, топтық және жекелік формасы мен тәсілдері қолданылады. Мұның бәрі де ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылатуға, мектеп пен отбасы арасында өзара байланысты нығайтуға, тәрбиелік әлеуетін күшейтуге, сонымен бірге бала тәрбиесіне ата-аналарды тартуға бағытталған.

Білім беру ұйымдарының қызметінде қосымша білім беруді жүзеге асыруда басты басымдық мақсаттар болып табылады:

- білім беру үдерісіндегі тұлғалық-қызметтік характер;
- білім беру үдерісінің функционалдық сауаттылыққа үйрететін бағдарламалармен жабдықталуы.
- әр балаға білім беру саласындағы еркін таңдау, бағдарлама профилі, оларды игеру уақыты ұсынылуы;
- қызметтің ең әр түрлі қызығушылықтарды қанағаттандыратын көп үлгілі түрлері;
- кәсіптік бағдар, кәсіби және бастауыш кәсіби білім алуға дейінгі мүмкіндік;
- барлық іс-шаралардың социо мәдени бағыттылығы.

Балаларды жұмыспен қамтуды ұйымдастырудағы отбасының рөлі мен маңыздылығын түсіне отырып, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және басқа да облыстардың қосымша білім беру ұйымдары қоғамдық-маңызды және спорттық қызметке жасөспірімдермен бірге ата-аналарды тартуға да үлкен мән береді.

Мәселен, ШҚО Глубокое ауданындағы Уваров орта мектебінде мектеп пен отбасының достастығы тәрбиешілік жүйенің шынайы негізгі қағидаттарына айналған. Педагогикалық міндеттерді шешу үдерісіне ата-аналар белсенді түрде атсалысады. Олар түрлі жарыстар мен байқауларды өткізуге, балалардың бос мәдени уақытын ұйымдастыруға белсенді қатысады. Балалардың Өскемен қаласындағы театрлар мен мұражайларға баруын қамтамасыз етеді. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырады.

Отбасылық тәрбие берудің дәрежесін көтеретін «Жылдың үздік отбасы» байқауын өткізу мектепте дәстүрге айналған. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті «Жыл отбасын» таңдаудың өлшемдерін әзірлеген. Уварова ауылы 122 «оқушылық әрекеттің аумақтарына» бөлінген, олардың әр бірінде штаб бар. Бұл топтарда жоғары сыныптағылардың арасынан командир белгіленеді, балалардың өмірлік іс-әрекеттер қауіпсіздігіне жауапты ата-ана бекітіледі. Ата-аналар 89 ойын алаңқайлары мен футбол алаңдарын жайластыруға белсенді

қатысты. Ауыдағы әр бала ата-аналар мен қоғамның тұрақты назар аударуын сезінеді.

Бородулиха ауданында ата-аналардан «Отбасылық кездесу» клубы құрылған. Мұндай бірлестіктің мақсаты – балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын тереңдету, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

Ата-аналар геологиялық экспедицияларға мен туристік саяхаттарға, спорттың техникалық түрлері бойынша жарстарға, саяхаттарға дайындалуға және қатысуға белсенділік танытады. Ата-аналардың қолдау білдіруімен Ұлан ауданының Жаңатас кентіндегі Қалба аумағына жасалған экспедиция нәтижесі бойынша бейне материал жинақталған.

Семей қаласының мектептен тыс мекемелері ықшам аудандардағы ата-аналар қоғамдастығымен белсенді жұмыс жасайды. Мәселен, «Жас жұлдыз» балалар орталығында ата-аналар «Атамекен» өлкетану үйірмесіне Ескі қорған аумағына археологиялық экспедиция жасауға қолдау білдірген. Оның қорытындысында жас өлкетанушылардың қатысуымен ғылыми-практикалық конференция өткізілген.

Балалардың сабақтан тыс уақытын тиімді өткізуге аулалық клубтар баса мән береді. Қазіргі күні аулалық клубтар балаларды мақсатсыз уақыт өткізуден алшақтатып, оларды пайдалы іске назар аударуына қолғабыс етуде деп айтуға толық негіз бар.

Астана қаласының, Қарағанды облысының клубтары бар қалалық аулаларында баллар алаңқайлары қалыпқа келтіріліп, шағын футбол алаңы салынған. Оларды ұстап тұруға балалар мен ата-аналар қарасып тұрады.

Батыс Қазақстан облысының туристік-өлкетану бағытындағы облыстық орталығының бастамасымен «Жасыл бақша – таза қала», «Менің атаулы ағашым» облыстық акциясының аясында ата-аналар мен балалар қоғамы бірлесе отырып, 100 мың көшеттер отырғызды, оның 30 мыңдайын ата-аналар бірлесе отырғызды.

Ата-аналар қоғамын олардың балаларын өзін-өзі анықтау және дамыту мәселелеріне белсенді тарту үшін ата-аналармен қосымша білім беруді ұйымдастырудың өзара байланысының түрліше формалары қолданылады:

Ата-аналарға алғыс хат ата-аналардың балаларының жетістігінен хабардар ету мақсатында қолданылады, сонымен бірге бастамалары мен қолдауына, белсенді қатысуына, қолдау білдіргеніне отбасыға Алғыс айту болып табылады. Алғыс хат директормен және педагогпен жазылады.

Ата-аналар жиналысы – ата-аналармен жұмыс жасаудың тағы бір негізгі формаларының бірі. Онда мекеме және ата-аналар

ұжымының шығармашылық бірлестік өмірінің мәселелері талқыланады. Бұл – өзара пікірлер, бастамалар, бірлескен іздеулер алмасуы. Ата-аналар жиналысы қажетті мамандардың шақырылуымен, мамандардың, тағы басқалардың кеңес беруімен ата-аналардың тақырыптық пікір алмасулары орын алған «дөңгелек үстел формасында да» өтуі мүмкін.

Ақпараттық стенд – қосымша білім беру ұйымы қызметінің көрнекі суреттелу формасы. Стендтерді безендіру жеделдікті және көпбояулықты қажет ететінбірегей қағидаттарға бағынылады. Стенд материалдары ережеге сай тек ата-аналарға ғана емес, баллардың өзіне де, мекемеге келетін барлығына да бағытталуы тиіс.

Ата-аналар үшін кеңес – әкімшілік немесе жеке тұлғалық, психологиялық-педагогикалық нақты мәселелерді шешу мақсатымен мекеме әкімшілігі, методистер, педагогтар жүргізеді. Мекеменің мүмкіндігіне қарай – топтық және жеке болады. Топтық кеңес беру – ата-аналарға арналған жадынамалар, ұсынымдар және басқа да баспа материалдар дайындаумен жүргізіледі.

Ашық оқу сабағы – мекеме әкімшілігі, тәрбиеленушілер ата-аналары шақырылып жүргізілетін оқу сабағы. Негізгі мақсаты – «педагог-бала-ата-ана» үштігіндегі өзара түсіністікті нығайту. Ашық сабақ ата-аналарға балаларының шығармашылық мүмкіндіктерін, табыстары мен жетістіктерін, олардың сабаққа қатысу деңгейін, педагогтың балалармен жұмыс тәсілін және білім беру үдерісі қатысушыларының арасындағы өзара түсіністік деңгейін көрсетеді. Дәстүрлі түрде ашық сабақтан соң кері байланыс орнату үшін ата-аналарға сауалнама ұсынылады, тілектер мен пікір алмасулар ұйымдастырылады.

Ашық есік күні – ата-аналарға балаларының қызығушылығы үшін бас біріктіретін, бірлескен отбасылық демалысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін іс-шара.

Іс-шара – ата-аналар мен балалардың бірлескен бос уақытты өткізуінің ұйымдастырылған формасы. Мекеме өміріне ата-аналардың белсенді қатысуы үшін ұйымдастырылады. Ата-аналар мұнда қатысушы ретінде де, іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі ретінде де тартылады.

Көрме – тәрбиеленушілердің шығармашылық жұмыстарын көрсету формасы. Ата-аналармен, апалармен, аталармен бірлесе жасауға болады. Балалар мен ата-аналардың шығармашылық әлеуетін белсендіру, отбасы дәрежесін көтеру мақсатында өткізіледі.

Ата-аналар алдындағы шығармашылық есеп – ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі формасы. Тәрбиеленушілердің шығармашылық жұмыстарын көрсету, ата-аналардың мекеме ұжымымен әріптестікке уәждеме мақсатында өткізіледі. Бірлестік қызметінің шығармашылық

бағытына байланысты шығармашылық есептердің түрлі формалары қолданылады: көрме, жарыс, іс-шара және тағы басқалар. Қазіргі уақытта ата-аналарға мекеменің сайлы қолжетімді. Онда олар сайтта орналастырылған ақпараттармен таныса алады.

Еңбек қызметінің формасы:кабинеттерді безендіру, көрмеге, жарыстарға дайындалуға көмектесу.

Қорытынды

*Адамның сергек, әсемшіл,
сезімтал болуы балалық
шақта қалыптасады.*

*Егер балалық шақ өтіп кеткен болса,
өткенді ешқашан толтыра алмайсың.*

*Қуаныш пен қайғыға сергектік тек
балалық шақта ғана тәрбиеленеді.*

В.А.Сухомлинский

Бүгінгі заманауи өмір жағдайларында жасөспірім буынның әлеуметтену міндеттерін шешу біздің қоғамға қосымша білім беру мекемелері қызметін ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйеге алмасу талабын жүктейді.

Бұл саладағы мемлекеттік саясат қосымша білім берудің жаңа жүйесін құруға бағытталған, негізгі ортасында баланың тұлғалық-жеке дамуы тұратын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында көрініс тапқан.

Қазіргі уақытта қосымша білім беру мекемелерінің(ҚБҰ) педагог-практиктері өздеріндегі бұрынғы тәжірибелерінің және тәрбиеленушілер отбасыларымен әріптестік проблемаларының мәнін түсінуді, мұндай жұмыстың әлдеқайда келешекті формасы мен бағытын табуды қажет етеді. Себебі, отбасымен одақсыз, белсенділіксіз және қызығушылықсыз, өзара әрекеттегі нәтижесіз, әлсіз байланыстардың орнатылуынан бала дамуының тұлғалық-шығармашылық дамуынан жоғары нәтижелер күту қисынға келмейді. Бала тұлғасын жан-жақты дамыту бірлікті, балаға үлкендер тарапынан тәрбиелік-білім беру әрекеттерінің барлық жүйесіндегі келісімділікті қажет етеді.

Мұндай келісімділікті құруда отбасының рөлін бағаламау мүмкін емес. Отбасы әлеуметтенудің алғашқы институты ретінде баланың тұлғалық негізгі қасиеттерін дамытуға, жағымды рухани-адамгершілік әлеуетінің қалыптасуына шешуші ықпал етеді. Дәл осы отбасында бала алғашқы адамгершілік сабақтарын алады, мінез-құлқы қалыптасады. Отбасында алғашқы өмірлік орны қалыптасады. Сондықтан да қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби қызметінің құрамдас бөлігі отбасындағы және мекемедегі мамандардың өзара тиімділікті жоғарылату бойынша жүйелі жұмыс болғаны маңызды.

Қосымша білім беру ұйымдары мамандары мен отбасының өзара әрекет үдерісіндегі тиімділік көрсеткіштері болып табылады: отбасы мүшелерінің қосымша білім беру ұйымдары мамандарымен әріптестікке қызығушылық танытуы, отбасы мүшелерінің ҚБҰ мамандарымен жүргізілген және ұйымдастырылған сабақ мазмұнына

қызығушылық байқатуы, олардың тарапынан пікір алмасулар туындауы, отбасы тәрбиесіне байланысты жұмыстың түрлі формаларын өткізу, бала дамуына, оның ішкі әлеміне, қоршаған ортамен байланысына қатысты педагогтарға сапалы сұрақтардың көбеюі, отбасы мүшелерінің қосымша білім берудің оқыту-тәрбиелеу үдерісіне белсенді қатысуы.

Бала дамуындағы қосымша білім беру ұйымы педагогтарының және ата-аналардың қызметі олар одақтас болған жағдайда, баланы тереңірек танып білгенде ғана нәтижелі болмақ. Сондықтан, үлкендер баланың тұлғалық ерекшеліктеріне, олардың даму мүмкіндіктеріне, өмірлік құндылық бағыттарының қалыптасуына, жағымсыз әрекеттерден аулақ болып, өзін тәрбиелі көрсетуіне баса назар аударғаны абзал.

Қорытындыда оқушылардың ата-аналарымен өзара тиімді әрекетке қолдау білдіретін құнды ережелерді еске салған дұрыс:

- ата-аналарға қолдау, көмек және мейірімді кеңестер қажет. Егер сізде ол қасиеттер болса, әңгімелесуге қажетті жағдайды қалыптастырыңыз;

- ата-аналармен жүріп бара жатып, асығыс сөйлеспеніз, егер уақытыңыз тығыз болса, басқа жолы кездесу туралы келісіп алыңыз;

- ата-аналармен сабырлы, жылы сөйлесіңіз, ғибратты сөздер айтып, ақыл үйретуге жол бермеуге тырысыңыз – бұл олардың ашуын туғызып, жағымсыз реакция тудыруы мүмкін.

- оларды мұқият тыңдап үйреніңіз, өздерін толғандырған мәселелерді толық айтуға мүмкіндік беріңіз. Шешім қабылдауға асықпаңыз. Ата-аналардан естігеніңізді жақсылып, ой таразысынан өткізіңіз;

- егер ата-аналар сізге сырын айтса, ол басқа ата-аналардың жетістігі болмауы тиіс. Егер кәсіби қажеттілігі болса, ата-аналар айтқан ақпаратпен бөлісуге болады. Бірақ бұл туралы ата-ананы ескерту қажет;

- оқушы отбасымен болған әр кездесу ата-ана үшін де, бала үшін де конструктивті ұсыныстармен аяқталуы тиіс;

- егер педагог қандай да бір мәселе немесе жағдай жөнінде жете білмейтін болса, ата-аналардан бірден кешірім сұрап, мамандарға кеңес алу үшін баруға ұсыныс беріңіз;

- оқушы ата-анасымен кездесуге барарда кез-келген ата-ана тек жағымсыз ақпаратты емес, келешекке мүмкіндік беретін жақсылықтарды да естігісі келеді;

Қосымша білім беруді ұйымдастыру жұмысындағы құрамдас бөліктің бірі болып, оқушының тәрбиесі бойынша ата-аналармен жұмыс болып табылады. Отбасына арқа сүйеумен, тек бірлескен әрекет етумен ғана ең негізгі мақсат – үлкен әріппен жазылатын адамды, ХХІ ғасырда өмір сүруге қабілетті сауатты, жан-жақты дамыған адамды

Отбасы тақырыбы, отбасы мүшелерінің арасындағы өзара түсіністік, сонымен қатар отбасы мен педагог арасындағы білім мекемелерінің жұмысында ең маңызды болуы тиіс. Отбасы мен педагог арасындағы өзара әрекет жүйесін құру баланың тұлғалық еркін дамуына жол ашады және балада отбасыға деген құндылық қалыптасады.

Қосымша білім беру ұйымы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жұмысын жалғастырып, ары қарай дамуы үшін оған одақтастары жағынан қолдау қажет, бірінші кезекте ата-аналар тарапынан.

Ата-аналармен жұмыс – педагогтың кәсіби қызметіндегі ең маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Білім беруді ұйымдастыру ата-аналарға бала тәрбиесінде көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, алайда, ол отбасымен бәсекелестікке түсе алмайды.

Тек отбасы ғана баланы тұлға етіп қалыптастыруда ең мықты құрал болып табылады. Балалардың барлық зардаптарының уақытында отбасылық тәрбиенің дұрыс болмауынан болатындығын өмірдің өзі көрсетіп беріп отыр. Оның ішіндегі ең бастысы, мейірім-махаббат пен өз баласын қолдауды ұмыт қалдырғаны.

Отбасының әлеуметтік-мәдени ерекшелігі, экономикалық жағдайы баланың жеке тәрбиесінде үлкен маңызға ие. Ұйымның жұмысы туралы ата-аналардың толық ақпараттандырылуы қосымша білім беру мекемесімен отбасы арасындағы әріптестікті ұйымдастырудағы негізгі жағдайлардың бірі болып саналады.

Бұл жағымды өзара іс-әрекеттің бірінші және шешуші кезекте оң жағдайына сенімді қарым-қатынас әсер етеді. Ата-аналарда тәрбие жұмысына қызығушылық, өз күшіне сенімділік болуы тиіс.

Педагогтар әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынасты орнатуы, өзара қолдау атмосферасын және ортақ қызығушылықтарды қалыптастыруы маңызды. Бала тәрбиелеу ісіндегі тек ортақ қызмет қана нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жұмыс жоспары

№	Бағыты	Орындау мерзімі	Жауаптылар
Психологиялық-педагогикалық диагностика			
1	<u>Ата-аналарға сауалнама жүргізу</u>	Жыл сайын	
	«Тәрбиеленушінің отбасын зерттеу, отбасының әлеуметтік дәрежесі»	қыркүйек	педагогтер
	Алғашқы (баланың тұлғалық қасиеті, бейімділігі, дарындылығы, эмоциялық саласының ерекшелігі)	Оқы жылының басында қыркүйек	педагогтер
	Екінші (баланың жетістігі, қосымша білім беру қызметіне ата-аналардың қанағаттануы, ата-аналардың тілектері)	Оқы жылының соңында сәуір	педагогтер
2	<u>Балаларға сауалнама, тестілеу, диагностика жасау</u>	Жыл сайын	
	Алғашқы (әңгімелесу, тестілеу)	қыркүйек	педагогтер
	Білім беру үдерісіне қанағаттанушылық (балалар қызметінің жетістігіне қатысты, педагогтарға тілектер)	мамыр	педагогтер
	Жүргізілген іс-шаралар бойынша сұраушылар	Оқу жылы көлемінде	әдіскер
<u>Ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет</u>			
1.	<u>Ата-аналар жиналысы, кездесулер:</u> “Ашық есік күні” – шығармашылық бірлестіктер тұсаукесері	қыркүйек	Педагогтар әкімшілігі
	«Өз балаңның қалай досы болуға болады» Әңгіме	желтоқсан	педагогтер
	Әңгіме «Жасөспірім және темекі тарту. Шылым шегу кезеңі» (тұсаукесерді қолданып)	наурыз	педагогтер
	Ата-аналарға жеке кеңес беру	Жыл көлемінде	педагогтер

	«Жолдағы балалар қауіпсіздігі» әңгіме	Тоқсанына бір рет	педагогтер
2.	<u>Ата-аналармен, балалармен іс-шаралар</u> Дөңгелек үстел «Біздің отбасылық дәстүрлер»	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес	педагогтер
	«Әжелер отырысы» егде адамдар күніне арналған демалыс кеші	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес	педагогтер
	«Отбасы, достар және денсаулық» бірлестігінде стенд безендіру	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес	педагогтер
	«Отбасылық қазына аралы» отбасылық жұмыстар көрмесі	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес	педагогтер
	Көрмелер, жарыстар, байқаулар, іс-шаралар дайындауға ата-аналарға көмек	Жыл көлемінде	педагогтер
	Жаңа жылға кабинетті безендіру	желтоқсан	педагогтер
3.	«8 – әйелдер күні» – өлеңдер оқу, мамаларға, әжелерге арнау	наурыз	педагогтер
	«Отан Қорғаушылар күні» - әкелер мен аталарды құттықтау	мамыр	педагогтер
	«Қызықты ойындар үйшігі» Ашық сабақ, шеберлік сынып. Ата-аналар алдында шығармашылық есеп. Ата-аналарды грамоталармен марапаттау.	мамыр	педагогтер әдіскерлер
	<u>Балалармен іс-шаралар</u> «Бақытты күн»- отбасылық жағдайдың есте қалған ең бақытты сәті	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына	педагогтер

		сәйкес	
	«Ана, анашым, анатайым,»–сурет конкурсы.	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес	педагогтер
	«Менің сүйікті әкем» - өлең конкурсы	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес	педагогтер
	«Менің отбасымдағы оқиға» - отбасында орын алған ең қызықты оқиға жайлы әңгімелер конкурсы.	Қосымша оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес	педагогтер
	«Өз дарыныңды көрсет» әр бірлестіктің қорытынды көрме жұмысы	мамыр	педагогтер, әдіскерлер

**Ата-аналар мен балалардың бірлескен қызметін
ұйымдастыру формасы**

Танымдық қызмет формасы: білімнің қоғамдық форумы, шығармашылық есептер, ашық сабақтар күні, білім және шығармашылық мерекелері, білімділер турнирі, бірлескен олимпиадалар, пәндік газет шығарылымы, мәжіліс, тәрбиеленушілердің ғылыми қоғамының есебі және тағы басқалар. Ата-аналар безендіруге, марапаттау сыйлықтарын дайындауға, нәтижелерді бағалауға көмектесе алады, дербес немесе аралас топтарды құра отырып, іс-шараларға тікелей қатысуға болады. Мұндай конкурстар «Білімпаз отбасы», «Отбасылық қызығушылық», «Отбасылық оқу шеңбері» оқу конференциясы, отбасылық оқу және тағы басқалар.

Еңбек қызметінің формасы: кабинеттерді безендіру, мектеп ауласын абаттандырып, көгалдандыру, аллея отырғызу, кітапхана жасақтау, отбасылық қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі, «Біздің қызығушылық әлем» көрмесі және тағы басқалар.

Демалу формасы: бірлескен мейрамдар, концерттер, қойылымдар әзірлеу, фильмдерді, спектакльдерді көру және талқылау, жарыстар, КВН-дер,, туристік саяхаттар және слеттер, экскурсиялық сапарлар.

Кең мерекелеу отбасылық мейрамдарға және фестивальдерге арналады: Ана, Әке, Ата мен Әжелер күндері, Баламның күні, өзара қайырымдылық жасау күні; Отбасылық ойын конкурстары: спорттық отбасы, музыкалық отбасы, отбасылық альбомдар конкурсы, аналар, әкелер конкурсы және әр бағыттағы шығармашылық бірлестіктердің бірлескен қызметі және басқалар.

**Ата-аналарды психологиялық ағарту жұмыстары бойынша
қабылдау мен формалар**

Жекеше	Ауызша кеңес Жазбаша кеңес (жадынамалар, буклеттер, қалта кітапшалары, ұсыныс жинақтары тағы басқалар)
Топтық, бұқаралық	Ата-аналар жиналысы,(баяндамалар, пікір алмасулар, диспуттар, дәрістер) Іскер, рөлдік ойындар, рөлдік ойындар мен тренингтер (жағдайды талқылау мен ойнату, ата-аналар мен балалар әрекеті жағдайын, коммуникативті өзара қарым-қатынас типтерін сараптау) Бала тәрбиесі тәжірибесін алмасу бойынша тақырыптық конференциялар мен семинарлар; Кеңес, стендтік кеңес; Психология аптасы; «Сенім»интернет-ағарту; педагогикалық білім университеті; психологиялық-педагогикалық қонақжай; тақырыптық дөңгелек үстелдер; әдістемелік әдебиеттер.

Ата-аналармен жұмыс формасы

Жекеше

Топтық

Ұжымдық

Үйге бару, мектепке шақыру, Педагогтың жеке кеңесі; Жазбаша хат алысу;	Ата-аналық дәрістеме; Тақырыптық кеңестер; Сыныптық балалар іс-шаралары; Ата-аналар кеші.	Сыныптық ата-аналар жиналысы; Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы; Ашық есіктер күні; концерттер; оқу жұмыстарының көрмесі; шығармашылық есептер.
---	--	--

Ата-аналармен жұмыстың дербес формалары

1.Отбасының үйіне бару

Оқушылардың үйіне бару арқылы отбасылық тәрбиенің жағдайлары анықталады. Отбасындағы микроклимат, балаға деген қарым-қатынастың ерекшелігі, ата-ананың тәрбие мәселесіндегі бағдары туралы ақпарат отбасымен дербес жұмыс істеуге, сондай-ақ, балаға мектептегі түзету әсерлерінің бағыттары мен тәсілдерін нақтырақ анықтауға мүмкіндік беретін. Бізді баланың өмір сүру жағдайы, туыстарының оған деген қарым-қатынасы, баланың отбасы мүшелеріне деген қарым-қатынасы қызықтырады. Бұл мәліметтер болмаса, оқушыға қажетті қолдау көрсету мүмкін емес.

Оқытушының отбасына балаға сөгіс жариялау үшін емес, оның үстінен шағым айту үшін емес, баланы тәрбиелеу ісінде көмекші ретінде келгеніне ата-ананың сенімді болғаны өте маңызды. Педагогтың оқушының үстінен шағым айтуы немесе ата-анаға кінә тағуы ата-аналарды қапаландырады және балаға деген қатал әрі әділетсіз қарым-қатынасты жиі тудырады, ал оқушы тарапынан ызалы даулы қарым-қатынас тудырып, оқуға деген қызығушылықтың жоғалуына әкеліп соғады.

Ата-аналарға оқытушының келуі туралы алдын-ала ескертіледі.

Оқушының үйіне бару кезінде келесі ережелер сақталады:

- ата-анамен әңгімелесуде жоғары әдептілік көрсету, әрдайым мақтау мен қошеметтен бастау қажет;
- оқушының үстінен шағым түсірмеу, мәселе туралы айтып, оның шешу жолдарын білдіртпей жеткізу;
- оқушының қатысуымен әңгімелесі, тек ерекше жағдайларда ғана құпия кездесуді талап ету;
- ата-аналарға кінәарт-талап қоймау;
- тәрбиеленушінің тағдырына деген мүдделілігіңізді барынша баса айту;
- кеңестер мен ұсыныстарды жалықтырмай беру, өзіңіздің талаптарыңыздың деңгейі мен отбасының мүмкіндіктерін таразылау;
- нақты ортақ істер туралы келісу;
- негізсіз уәделер бермеу, қиын жағдайларда аса ұстамды болу, сақ оптимизм көрсету.

2. Мектепке шақыру

Ата-аналар қуанышты жаңалықпен бөлісу керек болғанда шақырылады, мысалы, бала ұзақ уақыт бойы меңгере алмай келе жатқан оқу материалын меңгерді. Баланың театрлық қойылымға

қатысуы үшін оған костюм әзірлеу керек, онымен рөлдің мәтінін жаттау қажет және т.б.

Ата-аналарды баланың нашар тәртібіне немесе төмен үлгеріміне шағымдану үшін шақырмауға тырысқан жөн. Мұндай шақыртулар ата-аналарда білім беру мекемелеріне деген жағымсыз көзқарас тудырады.

3. Педагогтің жеке консультациялары

Бұл педагогтың отбасымен әрекеттесуінің маңызды формаларының бірі. Консультациялар ата-аналардың алаңдауын, өзінің баласы туралы әңгімелесуден қорқуын жеңуі үшін өткізіледі. Олар ата-аналар мен оқытушының арасында жақсы байланыстың орнауына көмектеседі.

Консультациялар қажеттілігіне қарай, көбінесе ата-аналардың ықыласымен өткізіледі. Ата-аналармен бейресми жағдайда әңгімелесу барасында кәсіби жұмысқа қажетті мәліметтер анықталады (баланың денсаулығының ерекшеліктері; оның қызығушылықтары, әуестігі; мінез-құлық реакциялары; мінезінің ерекшеліктері; оқу уәждемелері және т.б.).

4. Қатынас хат

Ата-аналармен жұмыс істеуде қатынасхаттар кеңінен пайдаланылады. Әсіресе жұмыстың бұл формасы білім беру мекемелеріні жиі келуге жағдайлары жоқ, көп жұмыс істейтін немесе қашық жерде тұратын ата-аналарға қолданылады.

Жұмыстың ұжымдық формалары

1. Ғылыми-тәжірибелік ата-аналар конференциясы - отбасылық тәрбиенің озық тәжірибелерін педагогикалық білім насихатымен үйлестіру формасы. Оның ұйымдастырушылары - ата-аналар комитеті мен топ белсенділері. Бұл жеклеген тәрбиелік мәселелерге аналған отырыстар болуы мүмкін.

Конференциялар жылына 1-2 рет өткізіледі, себебі жете дайындықты қажет етеді. Конференцияның барысы ата-аналар комитетінде талқыланады, жоспар құрылып, тәрбиелік тәжірибесі таратуға лайық отбасы анықталады.

Конференцияның сәттілігі ата-аналардың әдебиетті талдауы, өзінің тәжірибесін түсінуі мен қорытуына, сыни тұрғыдағы білімнің негізінде тәрбиелік үрдісті бағалай білуі, балалармен ынтымақтастықтың формалары мен әдістерін жетілдірудің мүмкіндіктерін көре білуі бойынша өзіндік жұмысына байланысты.

Сәтті ата-аналар конференциясын өткізудің шарттары:

- ұсынылған тақырыптың өзектілігі, маңыздылығы және қолжетімділігі;

- алдын-ала жете дайындық (тақырып пен жоспар ата-аналарға 2-3 апта бұрын беріледі, ұсынылған әдебиеттер көрсетіледі);

- материалды іріктеу, оны жүйелеу, талдау, сөз сөйлеуге дайындалу бойынша даярлық кезеңінде консультациялар ұйымдастыру;

- конференцияны өткізу кезінде жалпы мүдделілікпен және әңгіменің ашықтығымен сипатталатын қолайлы эмоциялық климат құру;

Конференцияның жұмыс тәртібі келесі түрде белгіленуі мүмкін:

1. Педагогтың, директордың, директордың орынбасарының мәселенің маңыздылығы мен болмысы және отбасылардың позитивтік тәжірибесі туралы кіріспе сөзі.

2. Ата-аналардың сөз сөйлеуі (тәжірибе алмасу, отбасындағы тәрбиелік үрдістің талдауы).

3. Конференция жүргізушісінің сөйленген сөздерге, отбасылық тәрбие тәжірибелеріне баға қойылған, алдағы уақытта шешуді қажет ететін мәселелер атап өтілген қорытындысы.

2. Ата-аналармен жұмыстың ең көп тараған формасы болып ата-аналар жиналысы табылады. Ол қосымша білім беру мекемелері мен отбасылардың баланың тұлғасын дамыту үшін жағдай жасауда бірлесе күш салысуын келісу, үйлестіру және біріктіруге арналған.

Ата-аналар жиналысы – оқушылардың отбасыларымен әрекеттесудің және психолого-педагогикалық білім насихатының негізгі әмбебап формаларының бірі. Бұл ата-аналық қоғамдық пікірді, ата-аналық ұжымды қалыптастыратын балаларды оқыту мәселелеріндегі ата-аналардың хабардарлығын арттыруға көмектеседі.

Жиналыста топтың және ата-аналық ұжымның өмір мәселелері талқыланады. Жиналыстарда шешілетін нақты міндеттер бойынша оларды бірнеше түрге бөлуге болады:

1. **Ұйымдастырушылық жиналыстар**(ата-аналар комитетін таңдау; бағыттар бойынша әрекеттерді таңдау; Қорғаншылық кеңеске өкілдер таңдау; ата-аналар комитеті жұмысының жоспарын сұрыптау және бекіту және т.с.с.).

2. **Талдамалы жиналыстар**(ата-аналарға педагогикалық білім беруге қатысты туындаған мәселелерді шешуге бағдарланған).

3. **Қорытынды жиналыстар** (белгілі уақыт кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылауға бағытталған: жартыжылдық, жылдық).

4. **Құрамдастырылған жиналыстар**(жоғарыда айтылған барлық жиналыс түрлерінің міндеттерін қамтитын).

Ұйымдастырушылық жиналыстарда жұмыс жоспары бекітіледі, ата-аналар комитеті таңдалады, іс-шаралар жоспары әзірленеді, қоғамдық тапсырмалар бөліп беріледі және жұмыстың түрлі бағыттары бойынша ата-аналардың бастамашыл топтары құрылады, іс-шараларды өткізу, ата-аналардың қатысуымен түрлі конкурстарға, жарыстарға қатысу жоспарлары әзірленеді.

Ата-аналар жиналысы алты міндетті компонентті қамтиды:

1. Топтың тәрбиеленушілерінің жетістіктерін талдау. Жиналыстың бұл бөлігінде қосымша білім беру педагогы ата-аналарды үйірменің қызметінің нәтижелерімен таныстырады.

2. Ата-аналардың топтағы, үйірмедегі эмоциялық климатпен танысуы. Мұндай әңгімелесудің тақырыбы тәрбиеленушілердің қарым-қатынасы, сыртқы келбеті және тағы да басқа мәселелер болуы мүмкін.

3. Психолого-педагогикалық білім беру. Бұл компонентті жинаоыстың жеке пунктіне бөліп алуға болады, бірақ табиғи түрмен басқа құрамдас бөліктердің құрылымына кіргізуге де болады.

4. Ұйымдастырушылық сұрақтарды талқылау (саяхаттар, сапарлар, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралаық іс-шараларға қатысу және т.б.).

5. Рефлексия. Ата-аналар жиналысының соңында ата-аналар оның маңыздылығын, өзектілігін, пайдалылығын бағалайды.

6. Ата-аналармен жеке әңгімелесу.

Ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыруда келесі қағидаттарды ұстануға болады:

ата-аналар жиналысы ата-аналарды ағарту үшін қажет, онда балалардың қателіктері мен сәтсіздіктері белгіленбеу керек;

жиналыстың тақырыбында балалардың жас ерекшеліктері ескерілу керек;

жиналыстың теориялық та, тәжірибелік те сипатқа ие болуы абзал (жағдайларды сұрыптау, тренингтер, пікірталастар);

педагогтың ақыл айтпай, ата-аналармен тілдесуі қажет. Оларға жиналыстан кейін емес, жиналыс барысында өзінің пікірлерін білдіруге мүмкіндік беру керек;

ата-аналар жиналысы ұзаққа созылмағаны жөн, оның мазмұнындағы басты нәрсе - айқындық, қысқа айтушылық, жүйелілік;

әр ата-аналар жиналысы ата-анаға баланың игілігі үшін пайдалануға болатын пайдалы ақпарат беріп, ой тастауы қажет.

Ата-аналар жиналысын сәтті өткізудің жеті ережесі

1. Сыйлаңыз!
2. Көмектесіңіз!
3. Түсіндіріңіз!
4. Сеніңіз!
5. Үйреніңіз!
6. Сұраңыз!
7. Алғыс айтыңыз!

Маңызды!

1. Есімнамалар туралы емес, мәселелер туралы айтыңыз.
2. Табыстар мен резервтерді атап көрсетіңіз. Егер мақтасаңыз, онда барлығын мақтаңыз.
3. Педагог дұрыс шешімді ұсынбайды, ол ата-ана ұжымын шешімді іздеуге ынталандырады.

3. Шығармашылық есептер

Шығармашылық есептер түрлі үйірмелердің жұмыстарын қорытындылау үшін қолданылады. Көп жағдайда дербес форма ретінде емес, мейрамдарға, концерттерге және тәрбие жұмыстарының басқа да формаларына қосылады.

4. Жұмыстардың көрмелері

Жұмыстың мұндай формасы негізінде жеке түрде емес, басқа формаларға қосымша ретінде қолданылады.

Мысалы, көрмелер ашық есік, концерт, ата-аналар жиналысы және т.б. өткізілетін уақытта ұйымдастырылады.

Көрмелер ата-аналардың мақтауы мен еңбектерінің бағалануын қалайтын балалар үшін өзіндік стимул болып табылады.

Осылайша, ата-аналармен жұмыстың барлық дербес, топтық және ұжымдық формалары мектеп пен отбасының арасындағы әрекеттестікті реттеуге, ой-өрісі бұзылған балаларды отбасы мен мектептегі тәрбиелеу үрдісінің тиімділігін арттыруға шақырады.

1-сауалнама
«Ата-аналармен танысу»

Педагогтің ата-аналармен бірінші кездесуінде олардан келесі сауалдарға жауап беруді сұрауға болады:

1. Сіздің балаңыз оқитын біздің Орталық пен оның шығармашылық ұжымы туралы пікіріңіз қандай?
2. Осы шығармашылық ұжымның басшысын қалай елестетесіз?
3. Сіздің балаңыз айналысатын балалар ұжымының қандай болғанын қалайсыз?
4. Балалар ұжымында қандай әдеттер мен дәстүрлер дамытылуы керек?
5. Бірлестіктің басшысына балалар ұжымын құруда қандай көмек көрсете аласыз?
6. Қандай тәрбие мәселелері сізді алаңдатады?

2-сауалнама
«Оқу мен бала тәрбиесінің келешегі»

1. Сіздің ұлыңыз немесе қызыңыз Орталықтың табалдырығынан қандай сезіммен аттады?
2. Сіздің балаңыз өзін шығармашылық ұжымда қалай сезінеді?
3. Балаңыздың Орталықтың ұжымындағы достары мен таныстарын білесіз бе? Атап көрсетсеңіз.
4. Сіздің балаңыздың оқытушымен қарым-қатынасы қандай?
5. Сіздің ойыңызша, Орталық Сіздің балаңыздың өзін қалыптастырып танытуына жағдай жасай ма?
6. Сіздің балаңызға оның шығармашылық әрекетінің нәтижелігін арттыру үшін қандай көмек көрсету қажет?

3-сауалнама
«Сіздің балаңыз»

Тәрбиеленушілердің мінез-құлқын, олардың отбасындағы қарым-қатынастарын зерттеу мақсатымен сауалнамада келесі сұрақтарды пайдалануға болады:

1. Балаңыздың қандай жағымды қасиеттерін атап айта аласыз?

2. Балаңыздың қандай жағымсыз қасиеттері оған ұжымда өзін жайлы сезінуге кедергі тудырады?
3. Балаңыздың үйдегі тәртібі қандай?
4. Балаңыз Сізбен өзі барып жүрген Орталықта болған оқиғалардан, ұжымның өмірінен алған әсерлерімен бөлісе ме?
5. Балаңыз Сізді Орталықта өтетін іс-шараларға шақыра ма, өзінің жетістіктерін көрсеткісі келе ме?
6. Сіздің ойыңызша, балаңыздың болашағы қандай болады?

Әдістеме
«Аяқталмаған ұсыныстар»

Бұл әдістеме тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының қарым-қатынасына диагностика жасау үшін қолданылады. Балалар да, ата-аналар да бірдей сауалдарға жауап береді, бұл олардың қарым-қатынастарындағы дау-жанжалдардың себебін анықтауға мүмкіндік береді. Ата-аналар мен балалардың пікірлерінің, көзқарастарының, сенімдерінің сәйкес келмеуі баланы тәрбиелеуде даулы жағдайлар мен проблемаларға әкеліп соғуы мүмкін екені құпия емес.

Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының жауаптарын талдай келе, олардың нәтижелерін ата-аналармен де, балалармен де түрлі тәрбие іс-шараларын әзірлеу мен өткізуде қолдануға болады.

Оқушылар үшін ұсыныстар:

- Орталық мен үшін – бұл ...
- Мен айналысатын ұжым, - бұл ...
- Оқытушы мен үшін - ... адам.
- Менің ұжымдағы жолдастарым - олар ...
- Сабақ мен үшін - бұл ...
- Маған ұнайтын қызмет, - бұл ...
- Маған ұнамайтын қызмет, - бұл ...

Ата-аналар үшін ұсыныстар:

- Менің балам айналысатын Орталық - бұл ...
- Менің бала оқитын ұжым, - бұл ...
- Менің баламның ұжымдағы жолдастары – олар ...
- Менің балам үшін үй тапсырмаларын орындау - ...
- Менің балама ұнайтын қызмет, - бұл ...
- Менің балама ұнамайтын қызмет, – бұл ...

Тәрбиеленушілердің отбасындағы әдеттер мен дәстүрлерді, олардың адамгершілік құндылықтарын зерттеу үшін мынандай **аяқталмаған ұсыныстарды** пайдалануға болады.

Тәрбиеленушілер үшін:

- Мен қуанамын, егер ...
- Мен қапаланамын, егер ...
- Мен жылаймын, егер ...
- Мен ашуланамын, егер ...
- Маған ұнайды, егер ...

- Маған ұнамайды, егер ...
- Мен сенемін, егер ...
- Егер менде жақсы жаңалық болса, мен ...
- Егер менде жаман жаңалық болса, мен ...
- Егер менің қолымнан бір нәрсе келмей тұрса, мен

Ата-аналар үшін:

- Мен қуанамын, егер менің балам ...
- Мен қапаланамын, егер менің балам
- Мен жылаймын, егер менің балам
- Мен ашуланамын, егер менің балам
- Маған ұнайды, егер менің балам
- Мағана ұнамайды, егер менің балам....
- Мен сенемін, егер менің балам
- Мен сенбеймін, егер менің балам
- Егер менің баламда жақсы жаңалық болса,
- Егер менің баламда жаман жаңалық болса,
- Егер менің баламның қолынан бір нәрсе келмей тұрса,

Суреттік тест
«Менің отбасымдағы демалыс күн»

Суреттік диагностика қызықты нәтижелер береді, оларды балаларға да, ата-аналарға да бір тақырыпта орындауға беруге болады. Мысалы, балаларға келесі тақырыптар бойынша сурет салу ұсынылады: «Менің отбасымдағы демалыс күн», «Біздің отбасы», «Менің отбасымдағы туған күн».

Балаларға да, ата-аналарға да шеңберлер салынған бір бет қағаз үлестіріледі, онда демалыс күнгі заттар мен белгілі бір іспен айналысып жатқан отбасы мүшелерін сыйдыру қажет.

Бұл мынандай түрде болуы мүмкін:

ана		әке		мен
кітап		газет		сабақ
асүй		диван		достар

Нәтижелердің салыстырмалы талдауы шығармашылық ұжымның басшысына отбасы өмірін ұйымдастырудағы түрлі қайшылықтарды анықтауға, балалар мен ата-аналарға өзара түсінушілік табуға көмектесуге мүмкіндік береді.

Тест
«Менің отбасымдағы туған күн»

Ата-аналарға ата-аналар жиналысының барысында, ал балаларға сабақтан кейін суретте туған күндегі қонақтарды белгілі бір реттілікпен орналастыруды ұсынуға болады. Орындалған суреттердің салыстырмалы талдауы олардың отбасында осы мейраммен байланысты қандай әдеттер мен дәстүрлердің бар екенін көруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, балалар мен ата-аналарға «туған күн» сөз тіркесіне ассоциациялық қатар құруды ұсынуға болады. Жазба барысында құрылатын лексикалық қатар тәрбиеленушілердің отбасындағы маңызды, басым және дәстүрлі болып табылады.

Ой-толғау шығарма

Мұндай диагностика ұжым басшысы мен ата-аналар пікірлес, бір мақсатты – оқушылардың Орталықтағы, отбасындағы өмірін жақсартуды, мейірімге толтыруды көздейтін жағдайда жүзеге асады. Ой-толғау тақырыптары алуан түрлі болуы мүмкін. Бастысы – ата-аналар мен балалар өз ойларын бүкпесіз жеткізуі тиіс.

Балалар мен ата-аналарға арналған мұндай шығармалардың **тақырыптамасы** келесідей болуы мүмкін:

- «Ересек қыздың (ұлдың) әкесі (анасы) болу - ...»,
- «Менің үйім – менің қамалым?!»,
- «Менің болашақ отбасым... Ол қандай болады?»,
- «Мен ата-анамды не үшін жақсы көремін»,
- «Менің үйімнің қуаныштары»,
- «Менің отбасымның мейрамдары мен жай күндері»,
- «Менің тегімнің тарихы мен аңыздары»,
- «Менің отбасымның өміріндегі ең қайғылы күн»,
- «Бала тәрбиесі бойынша ата-аналарға кеңестер»,
- «Отбасы өмірінің заңдары» және т.б.

Мұндай ой-толғау шығармалар ата-аналарды өздерінің балаларына, олардың өмірге, өзінің отбасына деген қарым-қатынасына жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етеді, балаларының болашақта қандай проблемаларға тап болатынын болжауға мүмкіндік береді.

Тест

«Мен - ата-ана, мен - дос?!»

Бұл тесттің сауалдарына жауап беру **ата-аналарға** ұсынылады.

1. Сіз теледидардан фильм көріп отырсыз, бірақ сіздің балаңыз басқа бағдарламаға ауыстыруды талап етеді: онда рок-музыканттар өнер көрсетуде. Сіз не істейсіз?

- А) өтінішін орындап, бағдарламаны бірге көресіз;
- Б) күте тұруын сұрайсыз, себебі фильм аяқталуға таяп қалды;
- В) баланың өтінішіне назар аудармайсыз;
- Г) балаңызға мұндай өтінішпен келіп тұрғаны үшін ашуланасыз.

2. Сіз балаларыңыздан көресіз:

- А) өзіңізге тең адамды;
- Б) сіздің жас кезіңізді қайталап жүрген адамды;
- В) кішкене ересектерді;
- Г) лайықты тыңдарманды.

3. Қандай шаш үлгісін ұнатасыз?

- А) сізге жарасатын;
- Б) соңғы сән үлгісіне сай;
- В) біреудің шаш үлгісін қайталайтын;
- Г) баланың стилін қайталайтын.

4. Ата-аналардың жасы туралы:

- А) балаларыңыз сіздің жасыңызды біле ме;
- В) сіз өзіңіз бен балаларыңыздың арасында жас шегін білдіресіз

бе;

В) сіз өзіңіз бен балаларыңыздың арасындағы жас ерекшелігіне назар аудармайсыз;

Г) балаларыңыздан әрдайым сіздің үлкен екеніңізді түсінуін талап етесіз.

5. Киім киюде қандай стильді ұстанасыз?

А) киім киюден жастардың стилінен қалыспауға тырысасыз;

Б) балаңыздың кеңесімен киінуге тырысасыз;

В) сізге лайықты киімді киюге тырысасыз;

Г) өзіңіздің стиль түсінігіңізге ересіз;

6. Елестетіп көріңіз, сіздің жасөспірім ұлыңыз құлағына сырға тағып алды немесе қызыңыз пирсинг жасады. Сіз қандай шара қолданасыз? пирсинг.

А) бұл баланың жеке ісі деп санайсыз;

Б) оның әрекетін әзілге айналдырасыз;

В) мұның стильді екенін мойындайсыз;

Г) өзіңіз де сондай әрекетке барасыз.

7. Егер үйде музыка бар дауысына қойылып тұрса:

А) құлағыңызға мақта тығып қоясыз;

Б) дауысын азайтасыз;

В) балаңыздың әуестігіне шыдамдылық танытасыз;

Г) дауысын одан ары күшейтесіз.

8. Егер сіз балаңызбен дауласып қалсаңыз, онда:

А) оған қарсылық білдіресіз;

Б) оның сөзінің растығын мойындайсыз;

В) толық жеңіске жеткенше дауласасыз;

Г) дауласпайсыз.

9. Сіздің балаңыз туған күнін тойлатып жатыр:

А) сіз онымен бірге дастархан басында отырасыз;

Б) балаларға дастархан басында қызмет көрсетесіз;

В) үйден кетіп қаласыз.

10. Балаңыз би кешіне барады:

А) сіз бірге барасыз;

Б) сіз оған баруға рұқсат етпейсіз;

В) балаңыз кіммен бірге баратынын анықтап аласыз;

Г) сіз оның уақытын шектейсіз.

11. Балаларыңызбен тілдесуде сіз:

А) ашықсыз;

Б) тұйықсыз;

В) ұстамдысыз;

Г) ашықсыз.

12. Балараңызбен қарым-қатынаста сіз:

А) өзіңізді жолдас ретінде ұстайсыз;

Б) өзіңізді қатал удья ретінде ұстайсыз;

В) досы ретінде;

Г) ата-ана ретінде.

Тесттің нәтижелеріне бағаны ата-аналар өзі береді, себебі ол жасөспірім балалармен қарым-қатынастағы мүмкін проблемаларды көрнекі анықтайды.

Бұл диагностиканың негізінде тәрбиеленушілердің ата-аналарымен сауалдар мен жауаптар кешін өткізуге болады, оның барысында осы тесттің әр жағдайын «қолдаушылар» мен «қарсылар» арасында талқылауға болады. Мұндай тест ересектердің көбін өзінің тәрбиесінің нәтижелеріне басқа қырынан қарауға, өзін басқа ата-аналардың көзімен көруге, тәртіп стилінің оң және теріс жақтарының өзіндік сипаттарын анықтауға мәжбүр етеді.

Ата-аналармен кездесу барысында олармен тек балалары туралы сөйлесіп, балалардың проблемаларын ғана талқыламай, пайда болған мәселелердің сындарлы шешімін де ұсыну қажет.

Баланың дербестігін анықтау

Ата-аналарға келесі тапсырманы орындауды ұсынуға болады: кестенің көмегімен өзінің баласының дербестігін анықтау.

Ата-аналарға баланың әрекеттерінің тізімі беріледі. Олар бұл әрекеттерді кестенің екі бағанасына өз бетімен бөліп жазады.

Сіздің балаңыз өз бетімен	Тек сіздің талап етуіңізбен, сіздің көмегіңізбен және сіздің рұқсатыңызбен
...	...

Әрекеттер тізімі:

- мектепке жиналады;
- сабаққа және мейрамға киім таңдайды;
- сабақ оқиды;
- кіммен дос болу керек екендігін анықтайды;
- Орталықта айналысу үшін бағыт таңдайды;
- егер қажет болса, ас әзірлейді;
- өз ынтасымен пәтерді жинастырады;
- дүкенде сауда жасайды;
- үйде және саяжайда көмектеседі;
- достарын үйге шақырады;
- мектеп және би кештерінен үйге қайту уақытын белгілейді;
- күнделікті өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдайды;
- сіздің беретін ақшалай қаражатыңызға иелік етеді;
- өзін және өзінің әрекеттерін әділ бағалайды;
- басқа адамдармен қатынасу кезінде өзінің жағымсыз эмоцияларын ұстай біледі;
- кіші бауырлары мен қарындастарына шыдамдылықпен қарайды;
- кішілерді тәрбиелеуде көмек көрсетеді.

Әрекеттер тізімімен және кестемен жұмыс істеу ата-аналарға өзінің отбасына сырт көзбен қарауға, өзінің тәрбиелік жүйесінің нәтижелігін көруге көмектеседі. Кестемен жұмыс істеу кезінде көбі отбасында өз бетімен дербес болуға мүмкіндік берілмейтін, оның қалауын және әрекетін алдын ала ескертіп отыратын, оның қандай да бір дербестік танытуын тежейтін баланың өсіп келе жатқанын түсіне бастайды.

Отбасындағы эмоциялық атмосфераны анықтау

Ата-аналардың толтыруы орынды болып табылатын тағы бір кесте, - бұл балаға деген қарым-қатынас бойынша отбасындағы жағымды эмоциялардың сөздік көрінісінің көрсеткіші. Мұндай диагностика тақырыптық консультацияларға дайындалу кезінде пайдалы. Ол тәрбиеленушілердің жоғары беймазалығының себебін анықтауға мүмкіндік береді. Беймазалықтың жоғары деңгейі бейімделу проблемаларына байланысты деп саналады. Алайда мәселе тек бейімделуде ғана емес. Бұл баланың отбасындағы жағдайының өзгеруіне де байланысты. «Бұрын сен кішкене болатынсың, қазір сен үлкенсің! Мен саған енді бұрынғыдай балаша қарамаймын!» - мұндай сөздер баланың отбасындағы эмоциялық түйсігінің өзгеруін көрсетеді, ол дене қимылында, мимикасында, көзқарасында, және, әрине, сөзінде білінеді.

Ата-аналар үшін кесте

Мына сөздер мен сөйлемдер арқылы мен	
Балама демеу көрсетемін	Оған ұрсамын
...	...

Егер ұжымда қиын балалар бар болса, демек оларды тәрбиелеуде де проблемалар бар, мұндай жағдайда тәрбиеленушілерге де ұқсас кестені толтыруды ұсынып, артынан ата-аналар мен балалардың кестелерінің салыстырмалы талдауын жасау қажет.

Балалар үшін кесте

Мына сөздер мен сөйлемдер арқылы ата-анам мені			
Мадақтайды	Қаншалықты жиі	Ұрсады	Қаншалықты жиі
...

Ата-аналар конференциясын ашу сценаріі

Сырнайлар дауысы.

«Балалықтың күлкісі әні..»

1 жүргізуші:

Қиналғанда арқа сүйеп жүретін,
Жанұядан барма басқа сүйеніш?
Қуансам да бірге жүріп қуанып,
Тірегімсің, ақылшымсың бір өзің!

2 жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты конференция қатысушылары, құрметті ата-аналар! Барлығымыз бала тәрбиелей отырып, қоғамдық дамуға өзіндік ерекше үлес қосатынымызды ойлауымызкерек, демек баршамызға шығармашылық, қиял, өзін-өзі таныту үшін ата-ана еңбегінің ерекше мүмкіндіктер беретінін түсінуіміз қажет.

1 жүргізуші: Адамның өмірі жанұядан басталып, осында оның азамат екендігі ресімделінеді. Жанұя - махаббат, құрмет, ынтымақтастық және құштарлықтың көзі, онда кез келген өркениеттік қоғам құрылады, онсыз адам бола алмайды. *(С семья начинается жизнь человека, здесь происходит формирование его как гражданина. Семья – источник любви, уважения, солидарности и привязанности, то, на чем строится любое цивилизованное общество, без чего не может существовать человек.)*

2 жүргізуші: Біздің балаларымыз қандай адам болып өсетіні, олардың өз елінің нағыз азаматтары болуы біз үшін маңызды. Ертең баланы тәрбиелеу кешегідей оңайға түспейтінін түсінеміз. Бірақ біздер, қарапайым адамдар үшін, балалар – біздің жер бетінде қалдыратын басты ізіміз: олар біздің үлгермеген ісімізді аяқтайды, олардың бойында біздің бар армандарымыз орындалады. Олар бізді ата-баба қылып, адамзат тегінің тарихын жалғастырады. Ендеше, осы тарихқа өзіміздің үлесіміздің маңыздылығын толық түсіну арқылы оларды өсірейік – біздің әрқайсымыз, әкелер мен аналар тарихқа қайталанбас парак кіргізеді.

1 жүргізуші: Сонымен, ата-аналар қоғамына арналған конференцияны бастайық!

**«Ана, әке, мен – ынтымақты отбасы»
конкурстық бағдарламасы
(Халықаралық Отбасы күніне)**

Мақсаттар мен міндеттер:

- Халықаралық отбасы күнін атап өту
- Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекетін ұйымдастыру
- Балалар мен ата-аналардың шығармашылық қабілеттілігін ашу

Алдын ала даярлық:

- Конкурстық бағдарламаның қатысушы-отбасылары
- Конкурстар үшін қажетті ресімдеулер мен реқизиттер
- Қатысушылардың дипломдары мен жеңімпаздарға арналған

сыйлықтар

Звучит музыка в зал забегают 2 клоуна.

Клоун 2: Қайырлы күн, құрметті достар!

Клоун 1: Здравствуйте дорогие ребята, уважаемые гости и родители!

Клоун 2: Біз сіздерді бүгін осы залда көргенімізге қуаныштымыз!

Клоун 1: Ведь сегодня 15 мая отмечается Международный День семьи.

Клоун 2: Осы мерекеге біз «Әкем, шешем және мен – тату отбасымыз» сайыстық бағдарламамызды арнаймыз.

Клоун 1: Слово для поздравления предоставляется руководителю отдела образования города Усть-Каменогорска.

Выступление руководителя отдела образования.

Клоун 2: Қазіргі уақытты мемлекет жанұя институтына ерекше назар аударуда.

Клоун 1: На сегодняшний день для поддержки социально незащищённых слоёв населения и семей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации в городе создан «Центр поддержки семьи и детства» акимата г. Усть-Каменогорск, краткую информацию о котором вы сейчас узнаете.

Презентация Центра поддержки семьи и детства.

Клоун 2: Жанұя дегенімін не?

Клоун 1: Это дружный коллектив родственников, связанных кровными узами, это единомышленники, друзья, готовые всегда прийти на помощь.

Клоун 2: Жанұя сөзі қалай пайда болғанын білесіздер ме?

Клоун 1: Когда-то о нём не слыхала Земля...

Но Еве сказал перед свадьбой Адам:

Клоун 2: Сейчас я тебе семь вопросов задам.

Кто деток родит мне, богиня моя?

Клоун 1: И Ева тихонько ответила: «Я».

Клоун 2: Кто их воспитает, царица моя?

Клоун 1: И Ева покорно ответила: «Я».

Клоун 2: Кто пищу сготовит, о радость моя?

Клоун 1: И Ева всё также ответила: «Я».

Клоун 2: Кто платье сошьёт, постирает бельё,
Детей приласкает, украсит жильё?

Клоун 1: «Я, я, - тихо молвила Ева. – Я, я»

Сказала она знаменитых семь «я» -

Вот так на земле появилась семья.

Клоун 2: Сіздердің қошеметтеулеріңізбен біздің бағдарламаға қатысушыларды қарсы аламыз.

Представление семей:

1 команда – _____

2 команда – _____

3 команда – _____

4 команда – _____

5 команда – _____

Клоун 2: Ал бізде әділ қазылар бар ма?

Клоун 1: За всеми передвижениями команд во время конкурсов, будет следить наше строгое и справедливое жюри:

Представление членов жюри.

Клоун 2: Болды, менің сайысты бастығым келіп тұр. Тыңдашы, біздің қанша сайыскерлеріміз бар?

Клоун 1: Конкурсов у нас будет 9. И сейчас, я с огромным удовольствием объявляю конкурс под номером 1 – Герб семьи!

Звучит муз. отбивка.

Конкурс № 1 «Герб семьи» (ватман – 5 шт., 15 маркеры – 15.)

Клоун 1: Каждой команде предоставляется по 1 ватману и 3 маркерам. Ваша задача, за установленное время - 3 минуты, нарисовать герб семьи. Но и, конечно же, по окончании конкурса объяснить символику герба. Готовы? Начали! *Звучит отбивка.* А пока наши конкурсанты рисуют, для вас поёт

Исполняется «Песенка о дружбе».

Клоун 2: Семейки, загляденье, когда надо любую картину Пикассо так подделают – не отличишь.

Клоун 1: Жюри подводит итоги первого конкурса, а мы с вами плавно переходим к следующему, который называется «Компашки»

Звучит музыкальная отбивка.

Конкурс № 2 «Компашки» (обручи – 5 шт., стулья - 5)

Клоун 2: Компашки? Это как?

Клоун 1: А очень просто. Папы берут обручи, становятся на старт. Ваша задача, как можно быстрее добежать до синеньких стульчиков, обежать их и вернуться за мамой. Вместе вам нужно добежать до стульчиков, обежать их и вернуться за ребенком. Чья команда с задачей справиться быстрее, та и получает 5 баллов. Готовы? На старт, внимание, марш.

Звучит музыка, пока идет конкурс.

Клоун 2: Я и не подозревал, что папы и мамы такие быстрые. Вы, наверное, и сами от себя не ожидали. Да? *Обращается к командам.* Пока жюри подводит итоги, для Вас танцует

Танец исполнили хореографического коллектива «Туган жер»

Клоун 1: Предоставляется слово жюри для оглашения промежуточных результатов

Клоун 2: Ваши бурные аплодисменты!

Клоун 1: А мы продолжаем

Конкурс № 3 «Прыгалка» (скакалки 5шт., мячи 5шт., обручи 5 шт.)

Звучит музыкальная отбивка.

Каждой команде выдается по 1 скакалке – маме, мяч – папе, и обруч – ребенку. Первыми стартуют папы. С мячом между ног они прыгают до определенного ориентира и обратно, затем передают эстафету мамам. Мамы бегут, прыгая, через скакалку, дети – через обруч. Готовы? На старт, внимание, марш.

Звучит музыка, пока идет конкурс.

Клоун 2: Предоставляется слово жюри для оглашения промежуточных результатов

Клоун 1: Ваши бурные аплодисменты!

Клоун 2: Семья – это не только родители и дети. Это ещё многочисленные родственники, которые называются по-разному. И я объявляю

Конкурс № 4 который, называется «Вот и вся моя семья»

Звучит музыкальная отбивка.

Клоун 1: Каждой команде я буду задавать по два вопроса, вам необходимо по словесному толкованию определить степень родства следующих людей

Команда № 1

- Мать отца или матери по отношению к их детям - Бабушка
- Сын дочери или сына по отношению к бабушке или дедушке -

Внук

Команда № 2

- Брат отца или матери - Дядя
- Мать жены - Теща

Команда № 3

- Сестра мужа - Золовка
- муж дочери по отношению к матери и отцу, а также муж сестры по отношению к брату, жене брата - Зять

Команда № 4

- Жена брата или жена сына - Сноха
- Отец жены - Тесть

Команда № 5

- Мать мужа- Свекровь
- Брат жены - Шурин

Клоун 2: Жюри подводит итоги, а мы продолжаем

Если в доме прописан уют,
Значит, будут в нём дети и внуки,
Потому что уют создают
Благодарные женские руки.
Человек устаёт от дорог,
И поэтому снова и снова
Он приходит на добрый порог
Дома отчего, так дорогого

Клоун 1: В нашем славном городе Усть-Каменогорске проживает огромное количество семей, да и не просто семей, а настоящих династий, о которых мы вам и расскажем.

Клоун 2: Династия Садвакасовых: отец и сыновья работают на Ульбинском Металлургическом Заводе. Общий стаж семьи составляет 103 года.

Клоун 1: Следующая династия – семья Мараховец. Глава династии Александр Фёдорович его жена и дети, а всего 7 человек являются работниками УМЗ, имеют огромное количество наград и почётных званий. Их общий стаж составляет 171 год, 1 месяц и 17 дней.

Клоун 2: И, наконец, династия Абубакировых. Вся семья в количестве 10 человек так же работают на УМЗ. Общий стаж этой семьи составляет 191 год 1 месяц.

Клоун 1: А есть ли в нашем городе педагогические династии?

Клоун 2: Конечно есть, например династия Акитбаевых.

Выступление директора школы-гимназии.

Клоун 1: Для всех семейных династий нашего города звучит песня в исполнении вокального коллектива «Акцент» «Жангүлім»

Клоун 2: Предоставляется слово жюри для оглашения промежуточных результатов.

Клоун 1: Кто в семье самый сильный?

Клоун 2: Конечно, папа.

Клоун 1: Вот и следующий конкурс мы назвали

Конкурс № 5 «Отжималки»

Звучит муз. отбивка.

Папы, вам нужно отжаться 20 раз. Чей папа быстрее, та команда и получает заветные баллы. А чтобы было всё по-честному, за участниками будут следить наши справедливые таймкиперы. Готовы? Тогда на старт. Начали!

Звучит музыка, пока идет конкурс.

Клоун 2: Но и, конечно же, как мы могли обойти стороной очаровательных мам. Следующий конкурс для вас.

Конкурс № 6 «Скакалки» (скакалки 5шт.)

Звучит музыкальная отбивка.

Клоун 1: Мамы, ваша задача, в течении 1 минуты, как можно больше выполнить подсчёте прыжков вам будут наши таймкиперы. Готовы? На старт, внимание, марш.

Звучит музыка, пока идет конкурс.

Клоун 2: жюри подсчитывает баллы, ая объявляю заключительный конкурс

Конкурс № 7 «Танцевалочка»

Звучит музыкальная отбивка.

Клоун 1: Хочу поздравить это последний конкурс. Каждой команде по очереди включается музыкальная композиция, ваша задача станцевать, но не просто так, а показать основные движения данного танца.

Команда №1

- *Казахский*

Команда №2

- *Лезгинка*

Команда №3

- *Ламбада*

Команда №4

- *Летка Енька*

Команда №5

- *Барыня*

Клоун 2: Мы вас поздравляем, каждая команда отстояла честь своей семьи. Пришло время подсчетов балов и впереди самая приятная часть всего конкурса - награждение.

Клоун 1: Пока жюри посчитывает баллы, мы предлагаем вашему вниманию небольшую концертную программу.

Художественные номера.

Клоун 1: Настал самый волнующий момент нашего праздника.

Клоун 2: Марапаттау сәті!

Клоун 1: Слово предоставляется жюри.

Награждение команд.

Клоун 2: Пусть все это только игра,
Клоун 1: Но ею сказать мы хотели:
Клоун 2: Великое чудо – семья!
Клоун 1: Храните её, берегите её!
Клоун 2: Нет в жизни важнее цели!!!
Клоун 1: Будьте счастливы!
Клоун 2: Сау болыңыздар!
Клоун 1: До новых встреч!

Әдебиеттер тізімі

1. Боровиков, Л.И. Қосымша білім беру педагогикасы. Балалар шығармашылық бірлестіктерінің басшылары үшін оқу-әдістемелік құрал [Мәтін]: / Л.И.Боровиков.—Минск: Технология, 1999.- 146б.
2. Галкина, Т.И. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы [Мәтін]: /Т.И.Галкина.- Ростов н./Д: Феникс, 2008.-313б.
3. Дерклеева, Н.И. Жаңа ата-аналар жиналыстары: 5-9 сыныптар [Мәтін]: Н.И.Дерклеева. - М.: ВАКО, 2007.-302б.
4. Евладова, Е.Б. Балаларға қосымша білім беру [Мәтін]: Кәсіби білім беру мекемелерінің студенттері үшін оқу құралы /Е.Б. Евладова.- М., 2002.– 127 б.
5. Жигалова, З.Я., Тәрбие жұмысын жоспарлау [Мәтін]: З.Я. Жигалова // Мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарының ғылыми-әдістемелік журналы.– 2008.- №7– 4 –8 б.
6. Иванов, И.П. Ұжымшылдарды тәрбиелеу. [Мәтін]: И.П.Иванов.- М.:Мұғалім, 1984.- 167б.
7. Иванов, И.П. Ұжымдық шығармашылық істердің энциклопедиясы. [Мәтін]: /И.П.Иванов.- М.:Мұғалім,1989.-118б.
8. Кульневич, С.В. Бүгінгі мектепті басқару [Мәтін]: /С.В. Кульневич. - М.:Мұғалім, 2003. – 221б.
9. Маленкова, Л.И. Соңынан қалай ертуге болады. Тәлімгердің үлкен кітабы. Оқу құралы. [Мәтін]: / Л.И.Маленкова — М.: Ресейдің педагогикалық қоғамы, 2004.—608 б.
10. «Білім беру мекемелерінің отбасымен әрекеттестігі туралы» әдістемелік ұсынымдар. РФ БМ 31.01.01 ж. №90/30-16. хатына қосымша.
11. Михайлова, Н.В. Ата-аналармен жұмыс формалары // Сынып жетекшісінің анықтамалығы. 2007. №2.
12. Мони́на, Г.Б. Коммуникативтік тренинг: педагогтер, психологтар, ата-аналар [Мәтін]: / Г.Б.Мони́на.-СПб.: «Речь» баспасы, 2006,- 179б.
13. Ольшанская, Н.А. Педагогтер, ата-аналар, балалар [Мәтін]: Н.А.Ольшанская – М: Педагогика, 2004.– 212б.
14. Ольшанская, Н.А. Педагогикалық қатынас техникасы: мұғалімдер мен сынып жетекшілері үшін жаттықтыру сабағы [Мәтін]: /Н.А. Ольшанская. -Волгоград:Мұғалім, 2005.- 117б.
15. Соловейчик, С.Л. Иванов бойынша тәрбиелеу. [Мәтін]:/С.Л.Соловейчик.- М.: «Педагогикалық ізденіс» Орталығы,1989.- 169б.

Введение

*Воспитывает все: люди, вещи, явления,
но прежде всего и дольше всего — люди.
Из них на первом месте - родители и
педагоги.*

Макаренко А.С.

